

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

(Жоғары кәсіптік білім)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫ

5B030100 «Құқықтану»
бакалавриат мамандығы бойынша

2 несие

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі
Астана
2017

АЛҒЫ СӨЗ

1. «Құқық» мамандықтар тобы бойынша оқу-әдістемелік секциясымен, «КАЗГЮУ Университеті» АҚ-ның Заңгерлерді бағалау және сертификатау бойынша бюросының қолдауымен **ДАЙЫНДАЛҒАН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛГЕН.**
2. Республикалық жоғары және ЖОО кейінгі білім беру оқу-әдістемелік кеңесінің 2016 жылғы 30 шілдедегі хаттамалық шешімімен **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ КҮШІНЕ ЕНГІЗІЛГЕН.**
3. **АЛҒАШҚЫ РЕТ ЕНГІЗІЛГЕН.**
4. Типтік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 16 тамыздағы №343 бұйрығымен бекітілген 5В030100 - «Құқықтану» мамандығы бойынша «Жоғары білім берудің типтік оқу жоспарымен» әзірленді.

Бұл бағдарлама «Құқық» мамандықтары тобы бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктің рұқсатынсыз қайта басып шығаруға және таратуға жатпайды.

МАЗМҰНЫ

I. Түсіндірме	4
II. Дәріс сабақтарының тақырыптары	8
III. Тәжірибе (семинар) сабақтарының тақырыптары	35
IV. Өзіндік дербес оқуға қалдырылған тақырыптардың тізімі	66
V. Ұсынылған әдебиеттер тізімі	69
VI. Үлгілік оқу бағдарламасының авторлары	77

I. Түсіндірме

«Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы» оқу пәні ретінде жоғары заң оқу орындарының бейіндік оқу пәндерінің бірі болып табылады және құқықтық білімнің негізгі саласына жатқызылады.

Бұл оқу курсы соттарда азаматтық істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыру барысында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін және азаматтардың, заңды тұлғалар мен мемлекеттің бұзылған немесе дауланған құқықтарын, бостандықтарын және заңдық мүдделерін қорғау мен қалпына келтіру тәртібін, сондай-ақ азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымына тән құқықтық санаттарды, ғылыми көзқарастарды және тұжырымдарды реттейтін құқықтық нормаларды оқып-үйренуге бағытталған. Азаматтық іс жүргізу құқығы пәнін оқып-үйренуде негізгі орын азаматтар мен ұйымдардың субъективтік құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қорғаудың соттық нысанына беріледі. Сонымен қатар болашақ соттарды, прокурорларды, адвокаттарды, заң кеңесшілерін, нотариустарды кәсіби дайындаудың қажетті шарты болып табылатын субъективтік құқықтар мен заңмен қорғалатын мүдделерді қорғаудың соттық емес нысаны туралы, сондай-ақ соттық және соттық емес қорғау нысандары және құқықтарын, бостандығы мен заңмен қорғалатын мүдделерін қалпына келтірудің өзара қатынасы туралы студенттер мағлұмат алады.

Курстың көптеген сұрақтарына жақсы түсінік берудің негізі ретінде құқықтың жалпы теориясының ережелерін білу қажет, олар: құқықтың және құқық саласының ұғымы, құқықтың мәні мен қағидаларының ұғымы, құқықы жүйелері, құқық нормаларын іске асыру, құқық қатынастары мен олардың туындау негіздері.

Пәннің мақсаты азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымының негізгі теоретикалық ережелері туралы, азаматтар мен ұйымдардың субъективтік құқықтары мен заңдық мүдделерін қорғаудың тетігі туралы, азаматтық іс жүргізу заңнамасының құрылымы мен құрамы және оны қолданудың сот тәжірибесі туралы студенттердің білімдерінің тұрақты жүйесі болып табылады.

Пәнді оқытудың міндеттері болып табылады:

- азаматтық іс жүргізу құқық қатынастары саласындағы азаматтық іс жүргізудің теориялық негіздерін және азаматтық іс жүргізу құқық қатынастары саласындағы заңдық терминдерді меңгеру;
- азаматтық іс жүргізу құқық қатынастарын реттейтін нормативтік құқықтық актілермен өзіндік жұмыс жасау кезінде талдауға дағдылануды меңгеру;
- азаматтық-құқықтық дауларды қарау барысында даулы материалдық құқық қатынастарын заңдық сараптау үшін қажетті талдау жүргізу дағдысын меңгеру;

- азаматтық сот ісін жүргізу саласына азаматтық-құқықтық дауларды және келіспеушіліктерді реттеудің балама тәсілдерін барынша көп енгізу қажеттігін түсіну.

Пререквизиттер: Мемлекет және құқық теориясы, Конституциялық құқық, Азаматтық құқық, Еңбек құқығы, Отбасы құқығы, Салық құқығы, Қаржы құқығы.

Постреквизиттер: Атқарушылық іс жүргізу; Нотариат; Азаматтық іс жүргізудегі адвокат; Азаматтық құқықтарды қараудың балама тәсілдері.

Пәнді оқыту үрдісі келесі **құзыреттерді** қалыптастыруға бағытталған:

Жалпы мәдени құзыреттер (ЖҚ):

- Болашақ мамандықтың әлеуметтік мәнісін ұғыну, кәсіби құқықтық сананың жеткілікті деңгейін меңгеру;
- Кәсіби міндеттерді адал орындауға қабілетті болу, заңгердің этикасы қағидасын сақтау;
- Ойлау мәдениетін меңгеру, жалпылама талдау, талдау жүргізу, ақпараттарды қабылдай білуге, мақсат қоя білу мен оған жетудің жолдарын таңдай білуге қабілеттілікке ие болу;
- Ауызша және жазбаша сөз сөйлеуді логикалық дұрыс, негізді және анық құра білуге қабілеттілікке ие болу;
- Мінез-құлық мәдениетін игеру, әріптестермен бірге жұмыла жұмыс істеуге, ұжымда жұмыс істеуге дайын болу;
- Сыбайлас жемқорлық әдетіне төзбеушілік, құқық пен заңға құрметпен қарау;
- өзін-өзі дамытуға, өз біліктілігі мен шеберлігін жоғарылатуға ұмтылу;
- әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шешу барысында әлеуметтік, гуманитарлық және экономикалық ғылымдардың негізгі ережелері мен әдістерін қолдана білуге қабілеттілік;
- әлеуметтік мәнді мәселелер мен үрдістерді талдау қабілеттілігі;
- қазіргі заманғы ақпараттық қоғамның дамуындағы ақпараттың мәнісі мен маңызын ұғынуға қабілеттілік, осы үрдістегі қауіптілік пен қауіп-қатерлерді түсіну, ақпараттық қауіпсіздіктің, соның ішінде мемлекеттік құпияларды қорғаудың негізгі талаптарын сақтау;
- ақпараттарды алудың, сақтаудың, қайта өңдеудің негізгі әдістерін, тәсілдерін және құралдарын меңгеру, ақпараттарды басқару құралы ретінде компьютермен жұмыс істеу дағдысын меңгеру.

Кәсіби құзыреттер (КҚ):

нормашығармашылық қызметінде:

- кәсіби қызметтің бағытына сәйкес нормативтік-құқықтық актілерді дайындауға қатысуға қабілеттілік;

құқық қолдану қызметінде:

- кәсіби қызметін дамыған құқықтық сана, құқықтық ойлау және құқықтық мәдениет негізінде жүзеге асыруға қабілеттілік;
- құқық субъектілерінің заңнаманы сақтауын қамтамасыз етуге қабілеттілік;
- заңға нақты сәйкес заңдық әрекеттерді жүзеге асыру және шешімдер қабылдауға қабілетті болу;
- нормативтік құқықтық актілерді қолдануға, материалдық және іс жүргізушілік құқық нормаларын іске асыра білуге қабілетті болу;
- фактілер мен мән-жайларды заңды дұрыс сараптауға қабілетті болу;
- заңдық құжаттарды дайындауға дағдылану.

сарапшылық-кеңес беру қызметінде:

- нормативтік құқықтық актілердің жобаларына, соның ішінде оларда сыбайлас жемқорлық құбылыстарына жағдай жасайтын ережелерді айқындау мақсатында заңдық сараптауды жүргізуге қатысуға дайын болу;
- әртүрлі құқықтық актілерге түсінік беруге қабілетті болу;
- нақты заңдық қызметтің түрі бойынша саралы заң қорытындысын және кеңестер беруге қабілетті болу.

Курсты меңгеру деңгейіне қойылатын талаптар

Пәнді меңгеру нәтижесінде студент міндетті:

түсінуге:

- азаматтық сот ісін жүргізудің түрлері мен сатылары туралы;
- азаматтық құқық қатынастарының субъектілері туралы;
- азаматтық істер бойынша соттық дәлелдеудің мақсаттары мен ерекшеліктері туралы;
- құқықты талап қою арқылы қорғаудың ерекшеліктері туралы;
- азаматтық іс жүргізуде сот актілерін қайта қараудың түрлері туралы;
- азаматтық құқықтарды қорғаудың соттық емес нысандары мен азаматтық-құқықтық дауларды реттеудің балама тәсілдері туралы;

білуге:

- азаматтық сот ісін жүргізу туралы заңнамалардың құрылымы мен құрамын;
- азаматтық құқық қатынастарының субъектілерінің құрамы мен процессуалдық жағдайын;
- соттық дәлелдемелердің ұғымын, соттық дәлелдемелерді зерттеу тәртібін;
- бірінші сатыдағы сотта азаматтық істерді қарау мен шешудің талап қою нысанының мәнісін, бұйрықарқылы іс жүргізу және сырттай іс жүргізу, ерекше және ерекше талап қою ісін жүргізудің тәртібін;
- шетел соттарының шешімдері мен төрелік шешімдерін тану мен орындаудың тәртібін.

қабілетті болуға:

- азаматтық іс жүргізу құқығының ұғымдары мен ғылыми-тәжірибелік аппарат санаттарымен еркін жұмыс істеуді;
- заңнамалық қайнар көздерді және сот тәжірибесінің материалдарын пайдалануды, соның ішінде анықтамалық оқу құралдары мен ақпараттық-анықтамалық құқықтық жүйелерді пайдалана білуді;
- азаматтық істер бойынша іс жүргізу құжаттарын құрастыруды;
- ғылыми әдебиетпен жұмыс істеу, оқу курсының мәселелері бойынша пікірталас жүргізуді.

дағдылану:

- азаматтық сот ісін жүргізудің әртүрлі сатыларында судья және іске, қатысушы тұлғалар ретінде жеке дара процесстік әрекеттерді жүзеге асыруға;
- құқықтық нұсқаулықтарды, процессуалдық қызметтің әдістері мен тактикаларын ескере отырып азаматтық істер бойынша іс жүргізу барысында дұрыс шешімдер қабылдауға;
- соттың, судьяның және іске қатысушы тұлғалардың атынан процессуалдық құжаттарды білікті құрастыруға;
- әртүрлі процессуалдық рөлдер бойынша, сондай-ақ жеке дара процессуалдық әрекеттер бойынша сот ісін жүргізуге қатысуға;
- соттық тәжірибе материалдарымен және нормативтік құқықтық актілермен іздестіру және талдау жұмыстарын жүргізе білуге.

Үлгі жұмы бағдарламасын құрастыру барысында Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы, «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» және «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» негізгі ережелері, сонымен қатар азаматтық іс жүргізу құқығы саласында студенттердің толыққанды және қазіргі заманғы білім алуы үшін түлектердің қазіргі әлеуметтік-құқықтық ортаға бейімделуіне мүмкіндік беретін құзыреттілікті меңгеруіне қойылатын талаптар ескерілді. Авторлармен ұлттық заңнаманың өзгерістеріне, құқық қолдану органдарының тәжірибесіне, ғылыми тенденциялар мен халықаралық құқықтық ынтымақтастықтың шынайы жағдайларына сәйкес әдебиеттер жаңартылды.

II. Дәріс сабақтарының тақырыптары

№ 1 тақырып. Азаматтық іс жүргізу құқығы және оның қағидалары

1. Тақырыптың мазмұны:

Азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңдық мүдделерін қорғау нысандары. Соттық қорғануға құқық. Азаматтық процессуалдық форманың мәнісі, негізгі белгілері және мағынасы. Азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңдық мүдделерін қорғаудың соттық және соттық емес нысандарының өзара қатынасы.

Азаматтық іс жүргізу құқығының ұғымы, пәні, әдістері және жүйесі. Азаматтық іс жүргізу құқығының өзге құқық салаларымен арақатынасы.

Соттық реформа және оның азаматтық іс жүргізу құқығына әсері.

Азаматтық іс жүргізу құқығының қайнар көздері. Азаматтық-процессуалдық нормалар, оның құрылымы және уақыт бойынша, кеңістікте және тұлғалар шеңберінде қолданыста болуы (әрекет етуі).

Азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымының пәні және жүйесі.

Азаматтық іс жүргізу құқығының қағидаларының ұғымы, жүйесі және олардың мағынасы.

Жалпы құқықтық заңдылық қағидасы және оны азаматтық іс жүргізуде іске асыру.

Азаматтық іс жүргізу құқығының ұйымдастырушылық қағидалары: сот төрелігін тек соттың жүзеге асыруы; судьялардың ауыстырылмайтындығы, тағайындалуы және сайлануы; судьялардың тәуелсіздігі және тек заңға бағынуы; азаматтық істерді жеке дара және алқалы құрамда қарау; азаматтар мен ұйымдардың заң мен сот алдындағы теңдігі; тұлғаның ар-намысы мен қадір-қасиетін, іскерлік беделін құрметтеу; сот талқылауының жариялылығы; сот ісін жүргізу тілі.

Азаматтық іс жүргізу құқығының қызметтік қағидалары: диспозитивтілік; сайысушылық (жарыспалылық); тараптардың тең құқылы болуы; сот талқылауының ауызша және тікелей жүргізілуі; үзіліссіздік.

2. дәріс сабағы тақырыбының осы тақырыпты меңгерген студенттің құзыреттілігімен байланысы

Тақырыптың мақсаты – құқық саласы ретінде азаматтық іс жүргізу құқығының нақты институттарының мазмұнын меңгеру үшін және азаматтық іс жүргізу заңнамасының жалпы бастамалары мен мәнісі ретінде азаматтық іс жүргізу құқығының қағидалары туралы, азаматтық іс жүргізу құқығының даму тенденциялары мен келешегі жөнінде түсінікті қалыптастыру үшін қажетті жалпы теориялық ұғымдарды оқып-үйрену.

Аталмыш тақырыпты оқып-үйренген соң студент міндетті:

білуге: «қорғау нысаны», «оттық қорғануға конституциялық құқық», «азқаматтық істер бойынша сот төрелігі», «сала», «ғылым», «пән», «құқықтың қайнар көзі», «азаматтық іс жүргізу құқығының қағидалары», олардың жіктелуі және мағынасы туралы ұғымдардың мазмұнын.

қабілетті болуға: «саланың пәні мен ғылым пәні», «сот төрелігі және азаматтық іс жүргізу құқығы», «азаматтық іс жүргізу құқығының ұғымы және әдістері» ұғымдарын ажырата білу.

3. Сот тәжірибесінен мысалдар

Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика. Вып. 45: Статьи, Үлгі: Сборник судебных актов по недействительным сделкам /Под ред. К.А. Мами, А.Г. Диденко. – Алматы: Раритет, 2016. – 276 с.

4. ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>

2 Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>

3. Акимбекова С.А. Роль нормативных постановлений в системе нормативных правовых актов и действующего права // ж. «Әділет», 2014. № 1. - С. 55-59.

4. Акимбекова С.А., Тлегенова Ф.А. О развитии гражданского процессуального права в Республике Казахстан //Сборник науч. ст. Евразийский гражданский процесс: к 25-летию стран СНГ и Балтии под ред. Д.Я. Малешина. – Москва, 2015. – С 63-108.

5. Абдиқаримов Н. Азаматтық істі мемлекеттік тілде жүргізудің өзекті мәселелері // Заңгер. - 2013. - №1. - С. 38-40.

6. Атаханова С.К. Ежелгі римдегі азаматтық іс жүргізудің нысандары // ҚазҰУ хабаршысы. Заң сер. = Вестник КазНУ. Сер.юридическая. - 2014. - №1. - С. 131-134.

7. Атаханова С.К., Омарова М.С. Азаматтық іс жүргізудегі жариялық принципі // ҚазҰУ хабаршысы. Заң сер. - 2016. - №1. - С. 130-133.

8. Мақұлбеков Б. Азаматтық процесс: бүгінгі мен болашағы // Заң газеті. - 2014. - 1 сәуір (№45); 2 сәуір (№46).

9. Мәуленқұлов Ғ. Төрешілдік рәсімдерді азайту - сот төрелігінің сапасын арттыру кепілі // Заңгер. - 2015. - №5. - С. 43-45.

10. Талапова Г.Т. Принцип диспозитивности гражданского процесса и его реализация в законодательстве и судебной практике // www.zakon.kz

№ 2 тақырып. Қазақстан Республикасының азаматтық сот ісін жүргізу

1. Тақырыптың мазмұны:

Азаматтық сот ісін жүргізудің ұғымы. Азаматтық іс жүргізудің сатылары.

Сот жүйесін реформалаудың азаматтық сот ісін жүргізуге әсері.

Азаматтық сот ісін жүргізуді дифференцияциялау және оның түрлері.

Оңайлатылған сот ісін жүргізудің жалпы сипаттамасы.

Соттардың мамандандырылуы.

Азаматтық-құқықтық дауларды реттеудің балама тәсілдері және азаматтық сот ісін жүргізу.

Процестік мерзімдердің ұғымы және мәнісі. Процестік мерзімдердің түрлері.

Процестік мерзімдерді есептеу. Процестік мерзімді өткізіп алудың салдарлары. Процестік мерзімдерді ұзарту және қалпына келтіру тәртібі.

Азаматтық істерді қараудың мерзімдері (толық және қысқартылғын).

Азаматтық іс жүргізудегі сот шығыстарының ұғымы және құрамы. Мемлекеттік баждың ұғымы және түрлері. Мемлекеттік баждың мөлшері. Мемлекеттік бажды төлеушілер, мемлекеттік бажды төлеуден босатылған тұлғалар.

Іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар.

Сот шығыстарынан босату. Сот шығыстарын бөлу.

2. дәріс сабағы тақырыбының осы тақырыпты меңгерген студенттің құзыреттілігімен байланысы

Тақырыптың мақсаты – азаматтық іс жүргізу заңнамасына және азаматтық іс жүргізу құқығының қағидаларын тиісінше іске асырумен сәйкес сот ісін жүргізудің бір түрі ретінде азаматтық сот ісін жүргізу туралы, сондай-ақ процестік мерзімдер мен іске қатысушы тұлғаларға жүктелетін сот шығыстары туралы ұғымды студенттерде қалыптастыру.

Аталмыш тақырыпты оқып-үйренген соң студент міндетті:

білуге: азаматтық сот ісін жүргізудің міндеттері, «азаматтық іс жүргізу», «азаматтық істер», «азаматтық іс жүргізу сатысы», «азаматтық сот ісін жүргізудің түрлері», «талап қою ісін жүргізу», «ерекше іс жүргізу», «ерекше талап қою ісін жүргізу», «оңайлатылған іс жүргізу» туралы ұғымдардың мазмұнын.

қабілетті болуға: азаматтық сот ісін жүргізудің белгілері мен түрлерін анықтау, кез келген сатының мазмұнын.

3. Сот тәжірибесінен мысалдар

Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика Вып. 41: Судебные акты, связанные с нотариальной деятельностью /Под ред. А.Г. Диденко. – Алматы: Паритет, 2013. – 344 с.

4. ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>

2 Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>

3. «Қазақстан Республикасы соттарының азаматтық істер бойынша сот шығындары туралы заңдарды қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы N 9 Нормативтік қаулысы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P06000009S>

4. *Алимбеков М.* Актуальные вопросы совершенствования правосудия в Республике Казахстан // Заңгер №7 (168) июль 2015. – С. 12-17.

5. Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан: В двух томах. Том 1. Учебник. – Алматы: КазГЮА, 2001. – 416 с.

6. *Баулин О.В., Носырева Е.И., Фильченко Д.Г., Шеменова О.Н.* Виды гражданского судопроизводства: учебное пособие. – М.: Инфотропик Медиа, 2012. – 280 с.

7. *Иовов Э.* Повышение доступа к правосудию // Заңгер №4 (165) апрель 2015. - С. 20-24.

8. *Комиршинов М.* Оптимизация гражданского процесса / Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика /Под ред. К.А. Мами, А.Г. Диденко. – Алматы: Раритет, Институт правовых исследований и анализа, 2014. – Вып. 29. – С. 24-30.

9. *Есбағанбаєтов Ш.* Азаматтық іс жүргізуді жетілдірудің (оңтайландырудың) кейбір мәселелері туралы // Заңгер. - 2013. - №9. - С. 16-18.

№ 3 тақырып. Азаматтық процессуалдық құқық қатынастары

1. Тақырыптың мазмұны:

Азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының ұғымы және оның ерекшеліктері.

Азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының туындау негіздері.

Азаматтық процессуалдық құқық қабілеттілік және азаматтық процессуалдық әрекет қабілеттілік.

Азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының мазмұны және объектісі.

2. дәріс сабағы тақырыбының осы тақырыпты меңгерген студенттің құзыреттілігімен байланысы

Тақырыптың мақсаты – азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының заңдық табиғаты мен мәнісі туралы, олардың

ерекшеліктері мен басқа да құқық қатынастарынан айырмашылығы туралы ұғымды студенттерде қалыптастыру.

Аталмыш тақырыпты оқып-үйренген соң студент міндетті:

білуге: азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының ұғымы, мәнісі және туындау негіздері.

қабілетті болуға: азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының белгілері мен олардың азаматтық-құқықтық қатынастардан айырмашылығын айқындау.

3. *Сот тәжірибесінен мысалдар*

Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика. Вып. 47: Статьи, Улгі: Жилищные споры /Под ред. К.А. Мами, М.Т. Алимбекова, А.Г. Диденко. – Алматы: Раритет, 2016. – 128 с.

4. *ұсынылатын әдебиеттер:*

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық процесік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>

2. *Александров А.Ю.* Особенности гражданских процессуальных правоотношений // Вестник Калужского университета, № 4(29), 2015. – С.13-15.

3. Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан: В двух томах. Том 1. Учебник. – Алматы: КазГЮА, 2001. – 416 с.

4. *Васьковский Е.В.* Курс гражданского процесса: Субъекты и объекты процесса, процессуальные отношения и действия. – М.: Статут, 2016. – 624 с.

5. *Гражданский процесс: учебник /* Отв. ред. Блажеев В.В., Уксусова Е.Е. - М.: Проспект, 2015. – 736 с.

6. *Курмантаева Л.* О казахстанской модели оценки качества работы судов // Заңгер №3 (164) март 2015. - С. 12-16.

7. *Мохов А.А., Воронцова И.В., Семёнова С.Ю.* Гражданский процесс (гражданское процессуальное право) России: учебник / отв. ред. А.А. Мохов. - М.: ООО «Юридическая фирма Контракт», 2017. – 384 с.

8. Нұрмашев Ү. Ө. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы: оқу құралы: қысқаша курс - Өңделіп, толықт. 2-ші басылым. - Алматы: Жеті Жарғы, 2013. - 317 б.

№4 тақырып. Азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының субъектілері

1. *Тақырыптың мазмұны:*

Сот азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының міндетті субъектісі. Соттың құқықтық жағдайы. Соттың құрамы.

Азаматтық іс жүргізудегі тараптардың ұғымы және оның процессуалдық құқықтары мен міндеттері.

Процессуалдық іске ортақ қатысудың ұғымы, мақсаты, негіздері және түрлері. Іске ортақ қатысушылардың құқықтары мен міндеттері.

Тиісті емес жауапкердің ұғымы. Тиісті емес жауапкерді ауыстырудың шарттары, тәртібі және салдарлары.

Процестік құқық мирасқорлығының ұғымы және негіздері. Іс жүргізуге құқық мирасқорының кірісу тәртібі және оның құқықтық жағдайы.

Азаматтық іс жүргізудегі үшінші тұлғалар және олардың түрлері.

Прокурордың азаматтық іс жүргізуге қатысу негіздері мен нысандары. Азаматтық іс жүргізудегі прокурордың процессуалдық жағдайы. Оның құқықтары мен міндеттері.

Басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау құқығы берілген мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, заңды тұлғалар немесе азаматтардың азаматтық іс жүргізуге қатысу негіздері және мақсаты.

Сотта өкілдік етудің ұғымы, соттағы өкіл және оның өкілеттігі.

Сот төрелігін жүзеге асыруға көмектесуші тұлғалар. Олардың құқықтары мен міндеттері.

2. дәріс сабағы тақырыбының осы тақырыпты меңгерген студенттің құзыреттілігімен байланысы

Тақырыптың мақсаты – азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының субъектілері және олардың құқықтық жағдайы туралы және азаматтық іс жүргізудің әрбір субъектісінің жеке дара құқықтық жағдайы туралы түсінікті қалыптастыру.

Аталмыш тақырыпты оқып-үйренген соң студент міндетті:

қабілетті болуға: азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының субъектісі ретінде соттың ерекше мәртебесін, азаматтық процессуалдық құқық қабілеттілік пен әрекет қабілеттілік ұғымдарының материалдық құқықтағы ұқсас ұғымдарынан ажыратуды, азаматтық істің қаралуына қатысты заңдық мүдделері белгісі бойынша азаматтық процессуалдық құқық қатынастары субъектілерінің жіктелуін.

істей білуге: тиісті емес жауапкерді тиістісінен, даудың нысанасына дербес талаптарын мәлімдейтін үшінші тұлғаны дербес талаптарын мәлімдемейтін үшінші тұлғадан, іске ортақ қатысушыларды үшінші тұлғалардан ажырата білу.

3. Сот тәжірибесінен мысалдар

Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика. Вып. 51: Үлгі: Налоговые споры. /Под ред. К.А. Мами, А.Г. Диденко. – Алматы, 2017. – 172 с.

4. ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>

2. Абдрахманова С. Ж., Канатов А.К. К вопросу определения места и роли органов прокуратуры. // Журнал Право и государство. №4(73) 2016. - С. 26-31.

3. Акимбекова С.А., Лер С.М., Скрыбин С.В. Участие прокурора в гражданском процессе: сравнительно-правовой анализ // <http://lprc.kz/files/library>

4. Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан: В двух томах. Том 1. Учебник. – Алматы: КазГЮА, 2001. – 416 с.

5. Гражданский процесс: учебное пособие / М.Ю. Лебедев, Ю.В. Францифоров, А.В. Чекмарева. – Москва: Юрайт, 2015. – 233 с.

6. Идрисова С. Совершенствование института судебного представительства: вопросы правотворчества и правоприменения // Заңгер №5 (166) май 2015. - С. 71-74.

7. Конусова В.Т. Роль и формы участия прокурора в гражданском процессе в контексте нового гражданского процессуального кодекса // Вестник Института законодательства Республики Казахстан №2 (43) 2016. - С. 24-32.

8. Мухамеджанов Э. К вопросу о представительстве в суде по материалам проекта ГПК. // Заңгер №5 (166) май 2015. - С.74-78.

9. Қалиев А. Азаматтық істер бойынша сотта өкілдік етудің өзекті мәселелері // Заң. - 2013. - №10. - С. 28-29.

№ 5 тақырып. Азаматтық істердің ведомстволығы және соттылығы

1. Тақырыптың мазмұны:

Ведомстволықтың түрлері.

Сотқа талап қою істерінің ведомстволығы. Ерекше талап қою және ерекше іс жүргізу істерінің ведомстволығы. Бірнеше өзара байланысты істердің ведомстволығы. Сот ведомстволығының басымдығы.

Ведомстволық туралы заңнаманы даму тенденциялары.

Соттылықтың ұғымы. Соттылықтың ведомстволықтан айырмашылығы.

Соттылықтың түрлері. Тектік соттылық. Аумақтық соттылық және оның түрлері. Мамандандырылған соттарға азаматтық істердің соттылығы. Соттылық туралы келісім. Істі басқа сотқа берудің тәртібі. Соттылық туралы тәртібті сақтамаудың саларлары.

Соттылық туралы даулар.

2. дәріс сабағы тақырыбының осы тақырыпты меңгерген студенттің құзыреттілігімен байланысы

Тақырыптың мақсаты – соттық қорғану құқығына кепілдік ретінде ведомстволық және соттылық ережелерінің көмегімен ридикциялық органдардың арасында юрисдикцияны (құзыретті) бөлуге

катысты және олардың мағынасы туралы студенттің кешенді білімін қалыптастыру.

Аталмыш тақырыпты оқып-үйренген соң студент міндетті:

білуге: соттық қорғану құқығын іске асыру тетігінде «ведомстволық және соттылық» ұғымдарының мазмұнын және айырмашылығын; ведомстволық пен соттылықтың түрлерін.

қабілетті болуға: талап қою құқығын іске асырудың алғышарты ретінде ведомстволық және соттылық құқықтық санттарының мазмұнын және талап қою құқығын іске асырудың шарттарын анықтау; «ведомстволық» ұғымының «соттық құзыреттілік және соттылық» ұғымынан айырмашылығын айқындау.

3. Сот тәжірибесінен мысалдар

Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика. Вып. 48: Статьи, Улгі: Аренда. Земельные споры /Под ред. К.А. Мами, А.Г. Диденко. – Алматы: Раритет, 2016. – 224 с.

4. ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>

2. *Бегалиев Б.* Доступ к правосудию, приближение судов к месту нахождения сторон, подсудность специализированных судов // Заңгер №7 (168) июль 2015. - С. 62-67.

3. *Виляк О.М.* О проблеме разграничения подведомственности дел об оспаривании постановлений, действий (бездействия) должностных лиц службы судебных приставов между судами общей юрисдикции и арбитражными судами // Исполнительное право. - М.: Юрист, 2013, № 1. - С. 12-20.

4. *Дүйсенова Э. О.* Қазақстан Республикасында азаматтық сот ісін жүргізудегі істердің соттылығы: монография - Алматы : Қазақ ун-ті, 2009. - 185 б

5. *Кайса С., Искакова А.* Комментарий к Гражданскому процессуальному кодексу РК. (Часть 2). – Алматы: Жети Жарғы, 2014. – 384 с.

6. *Тлегенова Ф.А.* К вопросу о специализации судов в Республике Казахстан // Материалы 4-ой международной научно-теоретической конференции «Худяковские чтения по финансовому праву». - Алматы, ТОО «Налоговый эксперт», 2014. - С. 259-269.

7. *Нұрмашев Ү. Ө.* Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы: оқу құралы: қысқаша курс - Өңделіп, толықт. 2-ші басылым. - Алматы: Жеті Жарғы, 2013. - 317 б.

№ 6 тақырып. Соттық дәлелдеу және дәлелдемелер

1. Тақырыптың мазмұны:

Соттық дәлелдеудің ұғымы, мақсаты және субъектілері.

Соттық дәлелдемелердің ұғымы және жіктелуі.

Іс жүзіндегі деректер және дәлелдеу тәсілдері. Дәлелдемелік фактілер.

Дәлелдеу пәнінің ұғымы. Дәлелдеуге жатпайтын фактілер.

Дәлелдеу тәртібі. Дәлелдемелердің қатыстылығы және жарамдылығы. Дәлелдемелер ретінде жол берілмейтін мәліметтер. Дәлелдемелердің анықтығы және жеткіліктігі.

Дәлелдеу бойынша міндеттерді бөлу. Дәлелдемелік призмациялар (ұғымы және мағынасы).

Дәлелдемелерді ұсыну. Соттың дәлелдемелерді талап етіп алдыруы. Дәлелдемелерді қамтамасыз ету дәлелдемелерді бекіту тәсілі ретінде (негіздері мен тәртібі). Сот тапсырмасы. Сот тапсырмасын беру мен орындаудың процессуалдық тәртібі.

Дәлелдемелерді зерттеу (уақыты, орны және субъектілері). Дәлелдемелерді зерттеудің тәртібі.

Дәлелдемелерді бағалау (уақыты, орны және субъектілері).

Дәлелдеу тәсілдерінің түрлері.

Тараптардың және үшінші тұлғалардың түсініктері және оларды бағалау.

Куәнің айғақтары. Куәнің құқықтары мен міндеттері. Куәлардан айғақтар алудың процессуалдық тәртібі. Куә ретінде бола алмайтын тұлғалар.

Жазбаша дәлелдемелер және оны бағалау. Жазбаша дәлелдемелердің түрлері (мазмұны бойынша, субъектілері бойынша, құрылу сипаты бойынша).

Заттық дәлелдемелер және оны бағалау. Заттық дәлелдемелердің жазбаша дәлелдемелерден айырмашылығы.

Орнында қарап-тексеру. Орнында қарап-тексеруді жүргізудің тәртібі.

Азаматтық іс жүргізудегі сараптама. Сарапшының қорытындысы және оны бағалау. Сарапшының процессуалдық құқықтары мен міндеттері. Сараптаманы тағайындау мен жүргізудің тәртібі. Сарапшыдан жауап алу. Алғашқы, қосымша және қайталама сараптама. Жеке-дара, комиссиялық және кешенді сараптамалар.

Процессуалдық әрекетке қатысуға маманды қатыстыру.

2. дәріс сабағы тақырыбының осы тақырыпты меңгерген студенттің құзыреттілігімен байланысы

Тақырыптың мақсаты – жалпы және атап айтқанда, азаматтық сот ісін жүргізудегі дәлелдемелік құқық теориясының жалпы ережелері туралы, азаматтық істер бойынша дәлелдеу процесінің мәнісі мен мазмұны туралы, сондай-ақ оның қылмыстық іс жүргізудегі дәлелдеуден айырмашылығы туралы студенттің кешенді білімін қалыптастыру.

Аталмыш тақырыпты оқып-үйренген соң студент міндетті:

білуге: дәлелдемелік құқықтың негізгі ұғымы мен дәлелдеу процесін реттейтін ережелерді, сонымен қатар соттық дәлелдеудің әрбір сатысының мазмұнын.

қабілетті болуға: заңдық фактілерді дәлелденетін (дәлелдеуге жатқызылған), дәлелдеуден босатылған, әртүрлі санаттар бойынша дәлелдемелік және процессуалдық дәлелдемелер, нақты істің санаты бойынша дәлелдеу міндетін анықтау.

3. Сот тәжірибесінен мысалдар

Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика. Вып. 52: Үлгі: Купля-продажа. Трудовые споры / Под ред. К.А. Маами, А.Г. Диденко, Алматы: 2017. - 204 с.

4. ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>

2. Атаханова С.К., Мірәлиева М.Қ. Азаматтық іс жүргізудегі дәлелдемелерді бағалаудың мәні және мазмұны // ҚазҰУ хабаршысы. Заң сер. - 2016. - №1. - С. 104-108.

3. Баймолдина З. Х. Доказывание и доказательства в гражданском судопроизводстве: Научно-практическое пособие. - Алматы: Жеті Жарғы, 2001.

4. Борчашвили И.Ш. Современное состояние и перспективы развития казахстанской судебно - экспертной деятельности // Право и государство. № 1(70) 2016. – С. 33-38.

5. Вердиян Г. Пределы судейского усмотрения при реализации добросовестности и иных оценочных категорий в гражданском праве России. // №2 (163) февраль 2015 г. - С. 82-88.

6. Курманбаев Б.М., Шагдарова Т.А. Институт частных судебных экспертов в Республике Казахстан // Право и государство. № 1(70) 2016. – С. 57-60.

7. Лебедев М.Ю. Гражданский процесс: учебник. – Москва: Юрайт: ИД Юрайт, 2012. – 410 с.

8. Сисенова М. Свидетель, имеющий право на защиту // Заңгер №2 (163) февраль 2015 г. - С. 68-72.

9. Треушников М.К. Судебные доказательства. Изд-во Городец, <http://www.flip.kz/descript?cat=people&id=144690> 2016. - 304 с.

№ 7 тақырып. Талап және талап қою

1. Тақырыптың мазмұны:

Талап қою ісінің ұғымы. Талап қою ісін жүргізудің тәртібі.

Талаптың ұғымы, оның түрлері және элементтері.

Талапқа құқық және талап қоюға құқық. Талапқа құқықтың алғышарттары (жалпы және жеке, оң және теріс).

Талаптарды біріктіру және бөлу.

Жауапкердің мүдделерін қорғау. Талапқа қарсылық білдіру (материалдық және процессуалдық). Қарсы талап қою.

Талапты өзгерту. Талаптан бас тарту.

Талапты тану. Татуласу келісімі.

Талап қоюды қамтамасыз етудің тәртібі және талап қоюды қамтамасыз ету шарасының күшін жою.

Талапты қою тәртібі және оны орындамаудың салдарлары. Талап қою арызы және оның мазмұны. Талап қою арызының жетіспеушіліктерін орындау тәртібі.

Талап қою арызын қайтару. Талап қою арызын қабылдаудан бас тартудың негіздері.

Талап қою арызын қабылдау. Азаматтық істі қозғаудың құқықтық салдарлары.

2. дәріс сабағы тақырыбының осы тақырыпты меңгерген студенттің құзыреттілігімен байланысы

Тақырыптың мақсаты – азаматтық сот ісін жүргізудің жалпы ережелері ретінде танылатын талап қою ісін жүргізуді қозғау үшін бұзылған немесе дауланып отырған құқықтарды қорғаудың негізгі құралы ретінде талап институтымен байланысты жүйелі білімдерді, сонымен бірге бірінші сатыдағы сотта азаматтық істі қозғау сатысы туралы ұғымды студентте қалыптастыру.

Аталмыш тақырыпты оқып-үйренген соң студент міндетті:

білуге: «азаматтық-құқықтық мағынадағы талап немесе талап қою құқығы», «процессуалдық мағынадағы талап немесе сотқа жлданудың процессуалдық құралы», «талап қою құқығы» және «талап қою құқығының алғышарттары және талап қою құқығын іске асырудың шарттары», бірінші сатыдағы сотта азаматтық істерді қарау мен шешудің талап қою нысанының мәнісі.

қабілетті болуға: талаптың элементін айқындау, талаптың пәні бойынша талаптың түрін анықтау, ұқсас талаптар.

3. Сот тәжірибесінен мысалдар.

Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика. Вып. 49: Статьи,Үлгі: Договорные споры /Под ред. К.А. Мами, А.Г. Диденко. – Алматы: Раритет, 2016. – 276 с.

4. ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>

2. «Азаматтық істер бойынша қамтамасыз ету шараларын қабылдау туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 12 қаңтардағы N 2 Нормативтік қаулысы.// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P09000002S>

3. *Акимбекова С.А.* Процессуальная регламентация возбуждения гражданского судопроизводства в свете доступности правосудия //

Международная научно-практическая конференция «Доступность правосудия в гражданском процессе: теория и практика» - Алматы, 2012. – С. 187-194.

4. Абдувалиев Е. Талап қоюды қамтамасыз ету және қамтамасыз ету шаралары ұғымы // Қазақстанның ғылымы мен өмірі=Наука и жизнь Казахстана. - 2013. - №1-2. - С. 80-87 б.

5. Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан: В двух томах. Том 2. Учебник. – Алматы: КазГЮА, 2001. -366 с.

6. Баймолдина З.Х. Исковой порядок защиты прав в суде: Науч. практич. пособие. - Алматы: Жеті жарғы, 2001. - 96 с.

7. Афанасьев С.Ф. Гражданское процессуальное право России: учебник для бакалавриата и магистратуры, 2-е изд., перераб. и доп. Издательство: Юрайт, 2017. - 444 с.

8. Гурвич М.А. Учение об иске: учебное пособие / Ответ.ред. д.ю.н. М.С. Шакарян. – М.: Проспект, 2017. – 686 с.

9. Гурвич М.А. Право на иск. – М.: Проспект, 2017. – 686 с.

10. Гусев А.П. Все виды исковых заявлений и претензий в суд. Новая редакция. Изд-во Феникс, 2016.- 347 с.

11. Идрышева С.К. Направление повесток и иных извещений в деятельности международных арбитражей // Право и государство. № 1(66) 2015. – С. 81-84.

№ 8 тақырып. Істі сот талқылауына дайындау. Азаматтық іс жүргізудегі татуластыру рәсімдері

1. Тақырыптың мазмұны:

Істі сот талқылауына дайындау және оның мәнісі. Азаматтық істерді сот талқылауына дайындаудың мерзімдері. Азаматтық істерді сот талқылауына дайындаудың тәртібімен жүзеге асырылатын процессуалдық әрекеттер.

Істі сот талқылауына тағайындау. Соттың шақыруы және соттың басқа да хабарлаулары. Сотқа шақыру туралы қағаздың мазмұны. Соттың шақыру қағазын тапсырудың тәртібі. Жауапкерді іздестіру.

Татуластыру рәсімінің ұғымы және түрлері.

Татуласу келісімінің табиғаты. Татуласу келісімі институтының азаматтық іс жүргізу құқығында алатын орны. Татуласу мерзімін жасасу және бекітудің салдарлары.

Медиация дауларды шешудің балама тәсілдерінің бір түрі ретінде. Медиацияның қағидалары мен құралдары. Медиация рәсіміндегі медиатордың атқаратын рөлі және қызметі. Қазақстанда медиацияны құқықтық реттеу.

Партисипативтік рәсімнің ұғымы және мәнісі.

Азаматтық іс жүргізуде партисипативтік рәсім тәртібімен дауды реттеу.

Партисипативтік рәсім тәртібімен дауды реттеу туралы келісім және оның орындау.

2. *дәріс сабағы тақырыбының осы тақырыпты меңгерген студенттің құзыреттілігімен байланысы*

Тақырыптың мақсаты – сот талқылауына істі дайындау сатысы туралы, онда соттың іс жүргізуді одан әрі дамыту бойынша әрекет ету стратегиясы мен тәсілдерін анықтау үшін, іс бойынша сот ісін жүргізуді тоқтата тұру немесе тоқтату, иә арызды араусыз қалдыру мүмкіндігін анықтау бойынша алдын ала сот отырысын өткізу туралы студентте ұғымды қалыптастыру. Сөйтіп, азаматтық сот ісін жүргізуді оңтайландыру істі сот талқылауына дайындау сатысының тиімділігімен байланыстырылады.

Аталмыш тақырыпты оқып-үйренген соң студент міндетті:

білуге: істі сот талқылауына дайындаудың мақсатын, міндеттерін және мазмұнын, сондай-ақ азаматтық іс жүргізудегі татуласу келісімінің мәнісі мен мағынасын; татуласу келісімін жасасудың және бекітудің салдарлары; дауларды шешудің балама тәсілі ретінде медиацияның мәнісі мен мағынасын; дауларды шешудің балама тәсілі ретінде партисипативтік рәсімнің мәнісі мен мағынасын; азаматтық іс жүргізудегі татуласу рәсімінің ерекшеліктері.

қабілетті болуға: «іс жүргізу сатысы», «істі сот талқылауына дайындау сатысы» және «сот ісін жүргізу» ұғымдарына терминологиялық талдау жүргізу; азаматтық іс жүргізу құқығының ғылыми-ұғымдық аппаратының санаттары мен ұғымдарымен еркін жұмыс істей білу; заңнамалық қайнар көздерді және сот тәжірибесінің материалдарын, соның ішінде анықтамалық құралдарды және ақпараттық-анықтамалық құқықтық жүйені пайдалану.

3. *Сот тәжірибесінен мысалдар.*

1) Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика. Вып. 49: Статьи, Улгі: Договорные споры /Под ред. К.А. Мамаи, А.Г. Диденко. – Алматы: Раритет, 2016. – 276 с.

4. *Ұсынылатын әдебиеттер:*

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>

2. «Азаматтық істерді сот талқылауына дайындау туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы 2001 жылғы 13 желтоқсан N 21 // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P01000021S>

3. Гражданский процесс: учебник / Н.П. Антипов и др. – Москва: Инфра-М: Контракт, 2015. – 501 с.

4. *Ильясова К.М.* Проблемы заключения мирового соглашения в процедурах банкротства по законодательству Республики Казахстан // <http://online.zakon.kz>

5. Касенова А. Применение информационных технологий в деятельности органов судебной власти // Заңгер №8 (169) август 2015 г.- С. 19-23.

6. Ковач Кимберли К. Медиация. Краткий курс. Изд-во Инфотропик Медиа, 2013. - 316 с.

7. Куанова И. Методика судебного разбирательства. // Заңгер №1 (162) январь 2015. – С. 61-65.

8. Манабаева М.А. Подготовка гражданских дел к судебному разбирательству (проблемы теории и практики). Автореферат к.ю.н.: 12.00.03 – Алматы, 2010. – 34 с.

9. Нурлыбаева Д. Медиация в исполнительном производстве. // Заңгер №5 (166) май 2015. - С. 51-53.

10. Нұрмашев Ү. Ө. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы: оқу құралы: қысқаша курс - Өңделіп, толықт. 2-ші басылым. - Алматы: Жеті Жарғы, 2013. - 317 б.

№ 9 тақырып. Бірінші сатыдағы соттың азаматтық істі қарауы

1. Тақырыптың мазмұны:

Сот талқылауының мәнісі. Сот отырысындағы төрағалық етушінің рөлі.

Сот отырысының бөлімдері. Дайындық бөлімі. Сот отырысына шақырылған тұлғалардың сотқа келмеуінің салдарлары. Судьяға және басқа іс жүргізуге қатысушыларға қарсылық білдіру.

Істі мәні бойынша қарау (істің мән-жайларын зерттеу).

Соттық жарыссөздер. Прокурордың қорытындысы.

Шешім шығару және оны жариялау.

Істі талқылауды кейінге қалдыру. Іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру. Істі шешім шығармай аяқтау: іс бойынша іс жүргізуді тоқтату, арызды қараусыз қалдыру. Олардың негіздері мен құқықтық салдарлары бойынша айырмашылықтары.

Сот отырысының хаттамасы, оның мазмұны мен мағынасы. Іске қатысушы тұлғаның сот отырысының хаттамасымен танысу құқығы, сот отырысының хаттамасына ескерту беру құқығы.

2. дәріс сабағы тақырыбының осы тақырыпты меңгерген студенттің құзыреттілігімен байланысы

Тақырыптың мақсаты – соттың тәрбиелік қызметін, сондай-ақ азаматтық сот ісін жүргізу міндеттерін орындауға мүмкіндік беретін, азаматтық іс жүргізу құқығының қағидалары іске асырылатын сот талқылауының сатылары туралы ұғымды студентте қалыптастыру. Іс жүргізудің бұл сатысында салалық қағиданың іске асырылуын айқындау.

Аталмыш тақырыпты оқып-үйренген соң студент міндетті:

білуге: сот талқылауының әрбір бөлімінің мақсатын және қызметін; «сот талқылауы» және «сот отырысы» ұғымдарын ажырату; сот талқылауын кейінге қалдыру, іс бойынша іс жүргізуді тоқтат тұру және іс бойынша іс жүргізуді тоқтату, арызды қараусыз қалдыру түрінде сот талқылауы динамикасындағы ауытқудың ықтимал нұсқаларын.

қабілетті болуға: іс бойынша іс жүргізуді тоқтату үшін, істі мәні бойынша талқылауды кейінге қалдыру үшін, іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру үшін, арызды қараусыз қалдыру үшін негіздерді ажырату, кәдуілгі тәртіптен ауытқудың әрбір нұсқасының құқықтық салдарларын ажырату.

3. Сот тәжірибесінен мысалдар.

Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика. Вып. 53: Үлгі: Страхование. Корпоративные споры. /Под ред. К.А. Мами, А.Г. Диденко. – Алматы, 2017. – 204 с.

4. Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>

2. «Сот шешімі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі N 5 нормативтік қаулысы.// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P03000005S>

3. «Соттардың азаматтық істер бойынша жеке ұйғарымдар шығару тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2010 жылғы 25 маусымдағы N 1 Нормативтік қаулысы.// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P10000001S>

4. *Акимбекова С.А.* Методические рекомендации по организации и проведению деловой игры по гражданскому процессу: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 78 с.

5. *Баймолдина З.Х.* Исковой порядок защиты прав в суде: Науч. практич. пособие. - Алматы: Жеті жарғы, 2001. - 96 с.

6. *Бычков А.И.* Актуальные проблемы судебного разбирательства. - Издательство: Инфотропик Медиа, 2016. – с. 480.

7. *Интерактивные методики изучения гражданского процесса:* Учебно-методическое пособие для студентов и преподавателей юридических вузов / Под ред. В.В. Яркова. – М.: Статут, 2016. – 136 с.

8. *Новеллы гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан о производстве в суде первой инстанции:* практическое пособие. – Алматы, GIZ 2016 г. – 232 с.

9. *Тлегенова Ф.А.* Применение норм гражданского и гражданского процессуального законодательства Республики Казахстан: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 145 с.

10. Азаматтық істерді қозғау: Талап арыздардың және сотқа басқа да шағымданулардың үлгілері [Текст] = Возбуждение гражданских дел:

Образцы исковых заявлений и других обращений в суд. - Алматы : Жеті жарғы, 2003. – 184 б.

11. Шнитгер Г., Сулейменова У., Куанова И., Сейдалина Ж., Котоянц А. Методика судебного разбирательства по гражданским делам: учебное пособие. – Алматы: Налоговый эксперт, 2012. – 280 с.

№ 10 тақырып. Бірінші сатыдағы соттың актілері

1. Тақырыптың мазмұны:

Сот актілерінің ұғымы және түрлері. Сот шешімінің мәнісі және мағынасы. Сот шешіміне қойылатын талаптар. Шешімнің мазмұны (оның құрамдас бөліктері).

Шешім шығарған соттың сот шешіміндегі жетіспеушіліктерді жоюы. Қосымша шешім. Шешімді түсіндіру. Қате жазулар мен анық арифметикалық қателерді түзету.

Сот шешімінің заңдық күші. Шешімнің заңдық күшіне ену сәті. Шешімнің заңдық күшіне енуінің құқықтық салдарлары.

Шешімді дереу орындау. Шешімді орындауды кейінге қалдыру және бөліп орындау. Сот шешімін орындау тәсілі мен тәртібін өзгерту. Алып берілген ақша сомаларын индекстеу.

Бірінші сатыдағы соттың ұйғарымы. Сот шешімінің сот ұйғарымынан айырмашылығы.

Ұйғарымның түрлері (мазмұны, нысаны, шығару тәртібі). Сот ұйғарымының заңдық күші. Жеке ұйғарым.

2. дәріс сабағы тақырыбының осы тақырыпты меңгерген студенттің құзыреттілігімен байланысы

Тақырыптың мақсаты – бірінші сатыдағы соттың актілерінің ұғымы, белгілері, мәнісі, түрлері және мағынасы туралы ұғымды студентте қалыптастыру.

Аталмыш тақырыпты оқып-үйренген соң студент міндетті:

білуге: сот шешіміне қойылатын талаптарды; сот шешімінің заңдылығы мен негізделуі талаптарын бұзудың салдарларын; бірінші сатыдағы соттың шешімінің заңдық күшінің ұғымы, мәнісі және мағынасын; шешімнің заңдық күшіне енуінің шарттары.

қабілетті болуға: сот шешімінің заңдық күшінің құқықтық белгілерін, объективтік және субъективтік шектерін анықтау; шешімді дереу орындауды шешімнің дереу заңдық күшіне енуінен ажырату.

3. Сот тәжірибесінен мысалдар.

Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика Вып. 43: Судебная практика по таможенным спорам. Возмещение материального и морального вреда. Споры, связанные с госзакупками /Под ред. А.Г. Диденко. – Алматы: Раритет, Институт правовых исследований и анализа, 2014. – 256 с.

4. Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>

2. «Сот шешімі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі N 5 нормативтік қаулысы.// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P03000005S>

3. «Соттардың азаматтық істер бойынша жеке ұйғарымдар шығару тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2010 жылғы 25 маусымдағы N 1 Нормативтік қаулысы.// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P10000001S>

4. Гражданский процесс: пособие / В.Г. Тихиня, М.Ю. Макарова. – Минск: Тетралит, 2013. – 239 с.

5. *Васьковский Е.В.* Курс гражданского процесса: Субъекты и объекты процесса, процессуальные отношения и действия. – М.: Статут, 2016. – 624 с.

6. *Мохов А.А., Воронцова И.В., Семёнова С.Ю.* Гражданский процесс (гражданское процессуальное право) России: учебник / отв. ред. А.А. Мохов. - М.: ООО «Юридическая фирма Контракт», 2017.- 384 с.

7. *Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. УЛГІ. Сборник судебных актов по недействительным сделкам/*Подред. К.А. Маами, А.Ж. Ештая, А.Г.Диденко.– Алматы, Раритет, 2016. – Выпуск 45. – 276 с.

8. *Потапова А.А.*Гражданское процессуальное право. Конспект лекций: учебное пособие. - Издательство: Проспект, 2017. – 112 с.

№ 11-тақырып. Оңайлатылған іс жүргізу

1. Тақырыптың мазмұны

Оңайлатылған іс жүргізудің ұғымы. Оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен істі қарау үшін алғышарттар.

Оңайлатылған іс жүргізудің түрлері

Бұйрық арқылы іс жүргізудің ұғымы. Сот бұйрығын шығарылатын талаптар.

Сот бұйрығын шығару туралы арыз (нысаны мен мазмұны, беру тәртібі, қабылдаудан бас тарту және қайтару негіздері, арыздағы кемшіліктерді түзету).

Сот бұйрығы (ұғымы, шығару тәртібі және мерзімі). Сот бұйрығының мазмұны.

Сот бұйрығының күшін жою.

Сот бұйрығын өндіріп алушыға беру және оны орындау.

Сырттай іс жүргізудің ұғымы. Сырттай іс жүргізуге жол беретін жағдайлар. Сырттай іс жүргізуде азаматтық істерді қараудың тәртібі.

Сырттай шешім (ұғымы және мазмұны). Сырттай шешімнің заңдық күшіне енуі. Сырттай шешімді шағымдау тәртібі.

Сырттай шешімнің күшін жою туралы арызды қарау бойынша соттың өкілеттігі. Сырттай шешімнің күшін жою және істі мәні бойынша қарауды қайта бастауға жіберу.

2. *дәріс сабағы тақырыбының осы тақырыпты меңгерген студенттің құзыреттілігімен байланысы*

Тақырыптың мақсаты – азаматтық істер бойынша оңайлатылған іс жүргізудің қажеттігі туралы, азаматтық сот ісін оңтайландыру үшін оңайлатылған іс жүргізудің маңызы туралы студентте түсінік қалыптастыру.

Аталмыш тақырыпты оқып-үйренген соң студент міндетті:

білуге: азаматтық сот ісін жүргізуді оңтайландырудың тарихи-құқықтық және теориялық негіздерін; іс жүргізу құқығы ғылымында қалыптасқан азаматтық сот ісін жеделдетуді ұғынуға қатысты көзқарастарға талдау жүргізу.

қабілетті болуға: оңайлатылған іс жүргізудің ұғымын қалыптастыру, бұйрық арқылы іс жүргізу мен сырттай іс жүргізудің белгілері мен ерекшеліктерін айқындау.

3. *Сот тәжірибесінен мысалдар.*

1. Астана қаласы Алматы аудандық сотының судьясының 2 наурыз 2015 жылғы № 2-4030 іс бойынша борышкер С. дан кәмелетке толмаған балаларын асырауға алимент өндіру туралы сот бұйрығы;

2. Қостанай облысы Рудный қалалық сотының 06.05.2015 ж. № 2-2566/2015 іс бойынша П.ның К. ға әкелікті анықтау және алимент өндіру туралы сырттай шешімі.

4 *Ұсынылатын әдебиеттер:*

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>

2. *Азарова Е.С.* Характеристика заочного судебного разбирательства и его негативные последствия в судебном производстве // Юристы-Правоведы. Ростов-на-Дону: Изд-во Рост. юрид. ин-та МВД России, 2013, № 5. - С. 54-57.

3. *Айтқулов Т., Попельшева Ю.* Изменения в правилах упрощенного производства в арбитражных судах Российской Федерации // Нефть, газ и право. 2012. Т. 107. № 5. - С. 53-55.

4. *Ильясова Г.А.* Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы (ерекше бөлім): оқу құралы - Қарағанды : ҚарМУ басп., 2009. - 290 б.

5. *Камбарова Н.Ш.* Гражданское процессуальное право Республики Казахстан: учебник. - Алматы: Нұр-Пресс, 2014. – 316 с.

6. *Кенжебаева Ж.* Заочное производство и заочное решение // Заңгер №6 (167) июнь 2015 г. - С. 50-54.

7. *Нурлұмбаева А.* О судебной медиации // Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика /Под ред. К.А.Мами,

А.Г. Диденко. – Алматы: Раритет, Институт правовых исследований и анализа, 2014. – Вып.29. – 256 с. – С. 140-146.

8. Юсупова Г. О порядке рассмотрения гражданских дел в упрощенном производстве.- С. 64 -67.

9. Аленов М.А. Азаматтық іс жүргізу құқығы. - Астана , 2011. – 431 с.

№ 12 тақырып. Ерекше талап қою ісін жүргізу. Ерекше іс жүргізу

1. Тақырыптың мазмұны

Мемлекеттік билік органдарының және лауазымды тұлғалардың әрекеттерін (әрекетсіздігін) және шешімдерін сотқа шағымдауға конституциялық құқық.

Ерекше іс жүргізудің ұғымы және мәні. Іс жүргізуді қозғаудың құралдары.

Сайлауға, республикалық референдумға қатысатын азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің сайлау құқықтарын қорғау туралы арыздар бойынша іс жүргізу. Арыз беру ерекшеліктері, қарау мерзімі мен ерекшеліктері.

Жергілікті атқарушы органдардың азаматтардың алқаби ретінде қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысу құқықтарын бұзатын шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айту туралы арыздар бойынша іс жүргізу. Арыз беру ерекшеліктері, қарау мерзімі мен тәртібі.

Ерекше іс жүргізудің ұғымы және мәні. Ерекше іс жүргізудің талап қою ісін жүргізу мен ерекше талап қою ісін жүргізуден айырмашылығы. Ерекше іс жүргізу істерін қараудың тәртібі.

Заңдық маңызы бар фактілерді анықтау. Арыздың мазмұны. Іске қатысушы тұлғалар. Заңды маңызы фактілерді анықтауға қажетті шарттары.

Азаматты хабарсыз кетті деп тану және азаматты қайтыс болды деп жариялау. Сот шешімімен хабарсыз кетті деп танылған немесе қайтыс болды деп жарияланған азаматтың келу немесе жүрген жерін анықтау салдары.

Азаматты әрекетке қабілеті шектеулі немесе әрекетке қабілетсіз деп тану туралы істер бойынша іс жүргізу. Осы саннатағы істер бойынша дәлелдеу ерекшеліктері.

Кәмелетке толмағанды толығымен әрекетке қабілетті (эмансипация) деп жариялау туралы істер бойынша іс жүргізу.

Азаматты психиатриялық стационарға мәжбүрлеп жатқызу туралы істер бойынша іс жүргізу.

Қаржы ұйымдарын және банк конгломератына бас ұйым ретінде кіретін және қаржы ұйымдары болып табылмайтын ұйымдарды қайта құрылымдау туралы істер бойынша іс жүргізу.

Жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың банкроттығы, заңды тұлғаларды жеделдетілген оңалту және оңалту туралы істерді қарау.

Жылжымалы мүлікті иесіз деп тану және жылжымайтын мүлікке коммуналдық меншік құқығын тану туралы істер бойынша іс жүргізу.

Балша асырап алу туралы арыз бойынша іс жүргізу.

Қазақстан Республикасының және (немесе) басқа мемлекеттің аумағында экстремизмді немесе террористік әрекетті жүзеге асыратын ұйымды экстремистік немесе террористік ұйым деп тану туралы, оның ішінде оның өз атауын өзгерткенін анықтау туралы арыз бойынша іс жүргізу.

Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін, онда басып шығарылатын, әзірленетін және (немесе) таратылатын ақпараттық материалдарды экстремистік немесе террористік деп тану туралы арыз бойынша іс жүргізу.

Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды қазақстан республикасының заңнамасын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының шегінен тыс шығарып жіберу туралы арыз бойынша іс жүргізу.

Азаматтық хал актілері жзбаларының дұрыс еместігін анықтау туралы істер бойынша іс жүргізу.

Нотариаттық әрекеттерге немесе оларды жасаудан бас тартуға берілетін шағымдар бойынша іс жүргізу.

Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарт негізінде баланы қайтару туралы немесе балаға қатысты қол жеткізу құқықтарын жүзеге асыру туралы арызды қарау бойынша іс жүргізу.

2. дәріс сабағы тақырыбының осы тақырыпты меңгерген студенттің құзыреттілігімен байланысы

Тақырыптың мақсаты – азаматтық сот ісін жүргізуді талап қою бойынша іс жүргізу, ерекше, ерекше талап қою бойынша іс жүргізуге дифференциациялау үшін қажетті объективтік алғышарттардың болуы туралы, азаматтық сот ісін жүргізуді дифференциациялауға қатысты ғылыми көзқарастар туралы ұғымдарды студенттерде қалыптастыру.

Аталмыш тақырыпты оқып-үйренген соң студент міндетті:

білуге: талап қою бойынша іс жүргізу, ерекше, ерекше талап қою бойынша іс жүргізуге жатқызылатын істердің санаттарының ерекшеліктерін; дифференциялау критерийлерінің көптігін; іске қатысушы тұлғалардың шеңберін; әрбір саот ісін жүргізуге тән істерді қарау мен шешудің процессуалдық ерекшеліктерін; ерекше немесе ерекше талап қою ісін жүргізуден пайда болған істерде азаматтық құқық туралы даудың туындау салдарларын.

қабілетті болуға: азаматтық сот ісін жүргізудің қай түріне азаматтық іс жатқызылатынын анықтау; ерекше және ерекше талап қою бойынша іс жүргізуге қатысатын тұлғалардың құрамын анықтау; ерекше

және ерекше талап қою бойынша іс жүргізудің мақсаты мен міндеттерін анықтау.

3. *Сот тәжірибесінен мысалдар.*

1. 2015 жылғы 24 қарашадағы №2-8920 іс бойынша Ақмола облысы Көкшетау қалалық сотының мүлікті жария етуді жүргізу бойынша комиссияның шешімін даулау туралы азаматтық іс бойынша шешімі.

2. Алматы қаласы Мамандандырылған ауданаралық кәмелетке толмағандардың істері бойынша сотының 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 2-128 іс бойынша баланы асырап алу туралы азаматтық іс бойынша шешімі.

4 *Ұсынылатын әдебиеттер:*

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>

2. «Зандық маңызы бар фактілерді анықтау туралы істер бойынша сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік 2002 жылғы 28 маусымдағы N 13 қаулысы.// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P02000013S>

3. «Соттардың бала асырап алу жөніндегі заңнаманы қолдану практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 31 наурыздағы № 2 Нормативтік қаулысы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P160000002S>

4. «Оңалту және банкроттық туралы заңнаманы қолдану практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 2 қазандағы № 5 нормативтік қаулысы. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P150000005S>

5. *Аленов М.А.* Азаматтық іс жүргізу құқығы. - Астана , 2011. – 431 с.

6. *Алимбеков М.Т.* Некоторые аспекты совершенствования судебного администрирования в Республике Казахстан // <https://i-news.kz/news>

7. Боннер А.Т. Неисковые производства в гражданском процессе: учебное пособие. – М.: Проспект, 2012. – 656 с.

8. *Йорг Пуделька.* Право административных процедур и административно-процессуальное право в государствах Центральной Азии – краткий обзор современного состояния // Рольф Книпер и частное право постсоветских стран. – Алматы: «Дәуір- Кітап». - С. 199-233.

9. Кайса С., Исакова А. Комментарий к Гражданскому процессуальному кодексу РК. (Часть 2). – Алматы: Жети Жаргы, 2014. – 384 с.

10. Нұрмашев Ү. Ө. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы: оқу құралы: қысқаша курс - Өңделіп, толықт. 2-ші басылым. - Алматы: Жеті Жарғы, 2013. - 317 б.

11. *Телюкина М.В.* Проблемы оснований недействительности сделок организации, признанной банкротом в России и Казахстане // Материалы международной научной конференции, посвященной 70-летнему юбилею д.ю.н., профессора А.Г. Диденко. Алматы, 3 октября, 2014 г. - С. 254-271.

№ 13 тақырып. Сот актілерін қайта қарау бойынша іс жүргізу

1. Тақырыптың мазмұны:

Заңды күшіне енген шешім мен ұйғарымға апелляциялық шағым жасау, прокурорлардың өтінішхаттар келтіруі бойынша іс жүргізу сатысының мәні мен мағынасы. Апелляциялық шағымдау, өтінішхат келтіру құқығы. Шағымдау объектісі. Шағымдау тәртібі мен мерзімі.

Шағым мен наразылықтың мазмұны. Шағымға қосылу құқығы. Шағымға (өтінішхатқа) пікір. Шағымды (өтінішхатты) қозғаусыз қалдыру. Бірінші сатыдағы соттың апелляциялық шағымды, прокурордың өтінішхатын алғаннан кейінгі әрекеттері.

Екінші сатыдағы соттың істерді қарау мерзімі мен процессуалдық тәртібі. Апелляциялық қараудың шектері. Апелляциялық сатыдағы соттың өкілеттіктері.

Апелляциялық тәртіппен сот шешімінің күшін жою не оны өзгерту негіздері. Апелляциялық сатыдағы соттың актілері (қаулы, шешім, ұйғарым).

Бірінші сатыдағы соттың ұйғарымдарына шағым жасау, прокурордың өтінішхат келтіруі. Жеке шағым беру, өтінішхат келтіру объектілері, шағымдау тәртібі мен мерзімі. Жеке шағымды, прокурордың өтінішхатын қарау бойынша апелляциялық сатыдағы соттың өкілеттіктері.

Заңды күшіне енген шешімге, ұйғарымға, апелляциялық қаулыға кассациялық тәртіпте дау айту, наразылық келтіру мәні мен мағынасы. Кассациялық тәртіпте дау айту, наразылық келтіру құқығы.

Өтінішхат (наразылық келтіру) объектісі, тәртібі және мерзімі. Істерді кассациялық тәртіппен қарайтын соттар

Сот актісін кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы және кассациялық наразылық келтіру туралы өтінішхаттың мазмұны.

Істерді талап етіп алдырудың және заңды күшіне енген сот актілерін қайта қараудың себептері мен негіздері

Өтінішхатты немесе прокурордың наразылығын қайтару

Өтінішхатты алдын ала қарау. Өтінішхатты алдын ала қарау нәтижелері бойынша қабылданатын шешімдер.

Сот актісін қайта қарау туралы өтінішхатқа, ұсынымға немесе наразылыққа пікір.

Істі кассациялық тәртіппен қарау нысанасы және шектері. Істі кассациялық сатыдағы соттың қарау тәртібі. Кассациялық сатыдағы соттың өкілеттіктері.

Кассациялық сатыдағы соттың актілері.

Заңды күшіне енген шешімдерді, ұйғарымдарды және қаулыларды жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау азаматтық іс жүргізудің сатысы ретінде.

Сот актілерін қайта қарауың негіздері. Жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлардың жаңа дәлелдемелерден айырмашылығы.

Жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша істі қайта қарау туралы арыз беру құқығы. Сот актілерін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарайтын соттар.

Жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша істі қайта қарау туралы арыз бойынша істі қайта қарау туралы арызды қараудың процессуалдық тәртібі.

2. дәріс сабағы тақырыбының осы тақырыпты меңгерген студенттің құзыреттілігімен байланысы

Тақырыптың мақсаты – төмен тұрған соттармен жіберілген қателерді жою үшін сот жүйесінің сатылығы мен төменгі соттардың сот актілерін қайта қараудың әртүрлі тәсілдері қарастырылған соттық қорғану тетігіндегі желементі ретінде азаматтық сот ісін жүргізу туралы студентте түсінік қалыптастыру.

Аталмыш тақырыпты оқып-үйренген соң студент міндетті:

білуге: сот қателігінің ұғымын және белгілерін; апелляциялық және кассациялық қайта қараудың және жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша істі қайта қараудың объектілері мен субъектілерін; сот актілерін тиісті саты бойынша және соттылық бойынша қайта қараушы соттарды; апелляциялық, кассациялық және жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша істі қайта қараудың пәні мен шектерін.

қабілетті болуға: бірінші сатыдағы соттың шешімін өзгерту мен күшін жоюдың негіздеріне талдау жүргізуге; материалдық және процессуалдық құқық нормаларын бұзудан немесе дұрыс емес қолдану негіздерін ажырата білуге; сот шешіміне қойылған қандай талапты бұзушылық айқындалғанда жоғары тұрған соттың қайсы өкілеттігін қолдану қажеттігін.

3. Сот тәжірибесінен мысалдар.

Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика. Вып. 49: Статьи,Үлгі: Договорные споры /Под ред. К.А. Мами, А.Г. Диденко. – Алматы: Раритет, 2017. – 176 с.

4 Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>

2. «Азаматтық істер жөніндегі сот актілерін жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қараудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 25 желтоқсандағы N 12 Нормативтік қаулысы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P07000012S>

3. «Сот төрелігіне қол жеткізу құқығы және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының сот актілерін қайта қарау бойынша өкілеттіктері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 1 Нормативтік қаулысы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P160000001S>

4. *Борисова Е.А.* Апелляция, кассация, надзор по гражданским делам: учеб.пособие, 2-е изд., перераб. и доп. — М. : Норма : ИНФРА-М, 2016.- 352 с.

5. *Ковтков Д.И.* Кассационное производство в гражданском процессе: монография. Издательство: Юстицинформ, 2016. -168 с.

6. *Нұрмашев Ү. Ө.* Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы: оқу құралы: қысқаша курс - Өңделіп, толықт. 2-ші басылым. - Алматы: Жеті Жарғы, 2013. - 317 б.

7. *Петрусак Р.К.* Производство по пересмотру вступивших в законную силу судебных актов по вновь открывшимся или новым обстоятельствам в гражданском судопроизводстве: монография. - Издательство: Проспект, 2017. – 160 с.

8. *Султанов А.Р.* Борьба за право на обжалование судебного решения. – М.: Статут, 2014. – 527 с.

9. *Тихомирова Л.В.* Обжалование судебных решений в апелляционной и кассационной инвестициях судебная практика применения законодательства. - Издательство: Тихомиров М.Ю., 2016. – 94 с.

№ 14 тақырып. Шетелдік тұлғалар қатысатын істер бойынша іс жүргізу

1. Тақырыптың мазмұны:

Шетелдік азаматтардың, азаматтығы жоқ тұлғалардың, шетелдік және халықаралық ұйымдардың азаматтық процессуалдық құқықтары мен міндеттері. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың азаматтық процесілік әрекетке қабілеттілігі.

Шетелдік және халықаралық ұйымның процесілік құқыққа қабілеттілігі.

Шетелдік тұлғалар қатысатын істер бойынша Қазақстан Республикасы соттарының құзыреті.

Шетелдік тұлғалар қатысатын істер бойынша соттылық. Шетелдік сотта іс жүргізудің мәні.

Шет мемлекетіне талап қою.

Құқықтық көмек туралы тапсырмалар. Шетелдік соттардың шешімдерін, шетелдік төреліктердің төрелік шешімдерін тану және орындау. Шетелдік соттардың шешімдерін, шетелдік төреліктердің төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындату.

Шет мемлекеттің иммунитеті, оның ерекшеліктері.

2. дәріс сабағы тақырыбының осы тақырыпты меңгерген студенттің құзыреттілігімен байланысы

Тақырыптың мақсаты – студентте қазақстандық соотарда шетелдік субъектілердің қатысуымен істерді қарау бойынша сот ісін жүргізудің тжеке сұрақтарын реттейтін ұлттық процессуалдық заңнама нормаларының жиынтығы туралы, сондай-ақ шетелдік соттық және төрелік шешімдерін тану мен орныдау туралы түсінікті студенттерде қалыптастыру.

Аталмыш тақырыпты оқып-үйренген соң студент міндетті:

білуге: азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымының ғылыми-ұғымдық аппаратының санаттарын; іс жүргізуге қатысушы шетелдік азаматтардың, шетелдік және хылақаралық ұйымдардың құқықтық жағдайларын; «шетелдік элементпен» байланысты азаматтық істерді қараудың ерекшеліктерін; шетелдік соттағы сот ісін жүргізудің мәнісін.

қабілетті болуға: шетелдік тұлғалармен қатысты азаматтық істер бойынша азаматтық істер бойынша Қазақстан Республикасы соттарының құзыреттерін және шетелдік құқық субъектілерінің қатысуымен азаматтық істердің соттылығын анықтай білуге; халықаралық азаматтық іс жүргізу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының қатысуымен көпжақты және екіжақты келісімдердің нормаларына талдау жүргізуге.

3. Сот тәжірибесінен мысалдар.

1) Алматы қаласы арнайы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 26.07.2016 ж. №5-10/87 іс бойынша Беларусь Республикасы Гродно облысының экономикалық сотының шешімін тану және орындау туралы ұйғарымы.

4 Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>

2. «Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының нормаларын қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 10 шілдедегі N 1 Нормативтік қаулысы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P08000001S>

3. «Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияны бекіту

туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы N 531 Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000531>

4. *Дауленов М.М., Абилова М.Н.* Английское право на страже прав инвесторов в международном финансовом центре «Астана» // Право и государство. № 3(72) 2016. - С. 29-36.

5. *Ковалев А.А.* Международная защита прав человека: Учебное пособие. – М.: Статут, 2013. – 591 с.

6. *Макаров П.Н.* Концентрация процессуального материала при разрешении гражданских споров (опыт Германии). - М.: Статут, 2014. - 335 с.

7. *Нұрмашев Ү. Ө.* Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы: оқу құралы: қысқаша курс - Өңделіп, толықт. 2-ші басылым. - Алматы: Жеті Жарғы, 2013. - 317 б.

8. *Мороз С.П., Акимбекова М.А.* Вопросы признания и исполнения решений арбитражных и государственных судов по инвестиционным спорам в Республики Казахстан //Журнал Право и государство. - №3(72) - 2016. - С. 51-57.

9. *Соловьев А.А., Мирзоян М.Э., Кулакова В.Ю.* Гражданский процесс зарубежных стран (Франция и Англия): учебное пособие для аспирантов. – Изд-во: Проспект, 2017. – 256 с.

№ 15 тақырып. Соттардың және басқа органдардың актілерін орындаумен байланысты атқарушылық іс жүргізу

1. Тақырыптың мазмұны:

Сот актілерін орындау азаматтық іс жүргізудің сатысы ретінде.

Мәжбүрлеп орындату органдары. Атқарушылық іс жүргізуге қатысушылар.

Атқарушылық құжаттардың түрлері. Атқару парағын берудің тәртібі. Атқарушылық құжаттарды орындауға берудің мерзімдері.

Орындаудың жалпы ережелері. Атқарушылық құжаттарды орындау мерзімдері.

Атқарушылық іс жүргізуді тоқтату, тоқтата тұру. Атқарушылық құжаттарды өндіріп алушыға қайтару.

Орындау бойынша шығыстар.

Общие правила исполнения. Время производства исполнительных действий.

Борышкердің мүлкінен өндіріп алу. Борышкердің мүлкін айқындау және тыйым салу.

Өндіріп алынған сомаларды өндіріп алушылардың арасында бөлу. Жеке-дара шешімдерді орнындаудың ерекшеліктері.

Атқарушылық іс жүргізудегі өндіріп алушының, борышкердің және басқа да тұлғалардың құқықтарын қорғау.

Атқару санкциясы.

Төрелік шешімін орындау.

2. дәріс сабағы тақырыбының осы тақырыпты меңгерген студенттің құзыреттілігімен байланысы

Тақырыптың мақсаты – соттардың және басқа органдардың актілерін мәжбүрлеп орындату мақсаты болып табылатын азаматтық іс жүргізудің соңғы сатысы туралы студенттерде түсінік қалыптастыру.

Аталмыш тақырыпты оқып-үйренген соң студент міндетті:

білуге: судьяның шешімін орындаудың жалпы ережелерін; мемлекеттік және жеке сот орындаушысының құқықтық мәртебесін, құқықтары мен міндеттерін.

қабілетті болуға: соттардың және басқа органдардың актілерін мәжбүрлеп орындату бойынша сот орындаушысы орындауға тиісті әрекеттердің шеңберін анықтауға.

3. Сот тәжірибесінен мысалдар.

Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Вып. 46: УЛГІ. Залог. Исполнение судебных решений. /Под ред. К.А. Мами, А.Ж. Ештая, А.Г.Диденко.– Алматы, Раритет, 2016.– 156 с.

4 Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>

2. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 261-IV Заңы.// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000261>

3. «Соттардың атқарушылық іс жүргізу туралы заңнаманың кейбір нормаларын қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 31 наурыздағы № 1 Нормативтік қаулысы.// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P170000001S>

4. Аленов М.А. Азаматтық іс жүргізу құқығы. - Астана , 2011. – 431 с.

5. Акимбекова С.А. Правовое регулирование исполнительного производства // Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика. Выпуск 46. УЛГІ. Алматы, «Раритет», 2016. – С.17-26.

6. *Исполнительное производство*: Практикум: Учебное пособие / Под ред. д-ра юрид. наук, проф. В.В. Яркова, канд. юрид. наук, доц. Е.А. Царегородцевой; Урал. гос. юрид. ун-т. – 3-е изд., испр. и доп. – М.: Статут, 2017. – 256 с.

7. Манжуева Ш. Освобождение имущества от ареста // Заңгер №6 (167) июнь 2015. - С. 46-50.

8. Мороз С.П., Акимбекова М.А. Вопросы признания и исполнения решений арбитражных и государственных судов по инвестиционным спорам в Республики Казахстан //ж. Право и государство. №3(72) 2016. - С. 51-57.

9. Тұрғараев Б. Атқарушылық іс жүргізу құқығының теориялық проблемалары [Метін] : монография. - Петропавл, 2006. - 404 б.

III. Тәжірибелік (семинар) сабақтарының тақырыптары

№ 1 тақырып. Азаматтық іс жүргізу құқығы және оның қағидалары

1. Тақырыптың мазмұны:

Азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңдық мүдделерін қорғау нысандары. Азаматтық іс жүргізу құқығының ұғымы, пәні, әдістері және жүйесі.

Азаматтық іс жүргізу құқығының қайнар көздері. Азаматтық-процессуалдық нормалар, оның құрылымы және уақыт бойынша, кеңістікте және тұлғалар шеңберінде қолданыста болуы (әрекет етуі).

Азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымының пәні және жүйесі.

Азаматтық іс жүргізу құқығының қағидаларының ұғымы, жүйесі және олардың мағынасы.

2. дәріс сабағы тақырыбының осы тақырыпты меңгерген студенттің құзыреттілігімен байланысы

Аталмыш тақырыпты оқып-үйренген соң студент міндетті:

дағдылы болуға: азаматтық іс жүргізу құқығының ғылыми-ұғымдық аппаратының санаттары мен ұғымдарын еркін жұмыс жасай білуге.

3. тәжірибеден алынған мысал-есептер (кейстер және шағын-кейстер);

Есеп. «Аумақтық жер инспекциясы» мемлекеттік мекемесі (әрі қарай – Инспекция) сотқа талап арыз қойып Тоқаевқа, Кәріпжановаға, Нотариус Даутовқа, қалалық әкімшілікке, «Жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне, РМК «мемжерҒӨО» және жылжымайтын мүлікті жария етуді жүргізу бойынша комиссияның шешімін, жеке меншік құқығына мемлекеттік актіні, сатып алу-сату шартын және оны Әділет департаментінде тіркеуді жарамсыз деп тану туралы жолданды.

Кәріпжанова нотариус Даутовке, Тоқаевқа, Кәріпжановаға, Нотариус Даутовқа, қалалық әкімшілікке, «Жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне, РМК «мемжер ҒӨО», Әділет департаментіне, Инспекцияға өзін адал иеленуші ретінде тануды және Әділет департаментінің әрекетсіздігін заңсыз деп тануды сұрап сотқа қарсы талап қойып жолданды.

Шымкент қаласы Абай аудандық сотының 23 шілде 2014 жылғы шешімімен Инспекцияның талабы қанағаттандырылған. Жылжымайтын мүлікті жария етуді жүргізу бойынша комиссияның шешімі жарамсыз деп танылды, мекен-жайы: Оңтүстік-Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, Самал-2 шағын ауданы, 2 тамыз 2007 жылғы № 59666/2 Тоқаевтың атында; кадастрлық нөмірі 19-309-095-771 жер учаскесіне жеке меншік құқығына мемлекеттік акт; жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату шарты 3 желтоқсан 2009 жылы 8620 реестрлік нөмірмен тіркелген, нотариус Даутовпен куәландырылған.

Кәріпжанованың қарсы талабы қанағаттандырылмаған. Тоқаевтан және Кәріпжановадан ортақ тең бөлікте мемлекеттің пайдасына 2 598 теңге көлемінде мемлекеттік баж өндірілген.

Апелляциялық сот алқасының қаулысымен аудандық соттың шешімі өзгеріссіз қалдырылған.

Кассациялық өтініште Кәріпжанова сот ісін жүргізу тілі қағидасын, материалдық және процессуалдық нормаларды бұза отырып шығарған соттың актілерінің күшін жоюды сұрады. Кәріпжанова Инспекцияның талабын қанағаттандырудан бас тарту туралы жаңа шешім шығаруды, қарсы талабын толық қанағаттандыруды сұраған.

ҚР Жоғарғы Сотының азаматтық және әкімшілік істер бойынша кассациялық сот алқасы шағымдалған сот актілерінің күшін жойып, істі апелляциялық соттың жаңадан қарауына жіберген, ал өтінішті ішінара қанағаттандырған, өйткені егер істі қарау барысында сот ісін жүргізу тілі қағидасы бұзылған болса, онда бірінші сатыдағы соттың шешімі шағымның негізделуіне қарамастан күші жойылуға жатады.

ҚР АПК-нің нормаларына сәйкес, сот ісін жүргізу тілі сотқа талап қою арызы (арыз) берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді. Сол бір азаматтық іс бойынша іс жүргізу бастапқы белгіленген сот ісін жүргізу тілінде жүзеге асырылады. Іс материалдарынан анықталғандай, Инспекцияның талабы қазақ тілінде қойылған, өсымша тіркелген құжаттар қазақ тілінде жазылған. 2016 жылғы 8 мамырдағы сот актісімен судья сот ісін жүргізу тілін - өзақ тілі деп белгілеп, арызды іс жүргізуге қабылдаған.

Істі сот талқылауына дайындау туралы ұйғарым қазақ тілінде дайындалған. Судья сот ісін жүргізу тілі – қазақ тілі деп көрсетіп, істі сот талқылауына тағайындау туралы ұйғарым шығарған.

Сот талқылауына дейін үш күн қалғанда сотқа Инспекциядан қазақ тілінде өтініш түскен, онда істі орыс тілінде жүргізу туралы сұраған, бірақ талап арыз орыс тіліне аударылмады. 2016 жылдың 26 маусымында Инспекцияның сот ісін жүргізу тілін қазақ тілінен орыс тіліне ауыстыру туралы өтінішін қанағаттандыру туралы қазақ тілінде ұйғарым шығарылды. Бірақ, бұл ұйғарыммен Кәріпжанова және оның өкілі Саитов таныспаған. 2016 жылы 26 маусымда Кәріпжановадан орыс тілінде қарсы талап арыз келіп түскен, 2016 жылғы 27 маусымдағы ұйғарыммен сот ісін жүргізуге алғашқы талап арызбен бірге қарауға қабылданды. Бірақ, 2016 жылы 28 маусымда сот отырысының хаттамасы қазақ тілінде жүргізілді. АПК-нің нормаларына сәйкес, сот азаматтық сот ісін жүргізуде сот ісін жүргізу тілін білмейтін адамдарға заң бойынша оларға қажетті іс материалдарының аудармасын тегін қамтамасыз етеді. Сот іске қатысатын адамдарға сотта сөйлейтіндердің басқа тілде сөйлейтін бөлігін сот ісін жүргізу тіліне аударуды тегін қамтамасыз етеді. Сот құжаттары іске қатысушы тұлғаларға олардың ана тіліне аударылып беріледі.

Сонымен бірге істе Кәріпжанованың 2016 жылғы 6 маусымдағы талап арызды орыс тіліне аудару туралы өтініші болған, бірақ ол ескерусіз қалдырылған. Кәріпжанованың 2016 жылғы 2 шілдедегі талап арызды аудару АПК-нің нормаларын бұзыла отырып жүзеге асырылмай отырған туралы жазбаша хаты да ескерусіз қалған.

Істе өкіл Саитовтың талап арыздың, оғна тіркелген құжаттардың және судьяның актілерінің орыс тіліндегі аудармасын Кәріпжановаға табыстау туралы өтініші де сотпен ескерусіз қалдырылған.

Апелляциялық сатыдағы сот өкіл Саитовтың шағымының негізделуіне қарамастан ескерусіз қалдырған.

Кассациялық сатыдағы сот келесі қорытындыға келеді: мұндай мән-жайлар болғанда өтініш авторының соттың сот ісін жүргізу тілін бұзуы, қазақ тілін білмейтін жауапкер Кәріпжанованың өтінішін елемей тураны негіздері расталып отыр, бұл сот актілерін қайта қарау үшін сөзсіз негіз болып табылады.

1. Сот ісін жүргізу тілі қағидасына сипаттама беріңіз: оның мәнісі, мағынасы, азаматтық сот ісін жүргізудің басқа да қағидалары жүйесінде алатын орны.

2. ҚР АПК-нің сот ісін жүргізу тілі қағидасын тиісінше іске асырудың заңдық кепілдіктері, мазмұны, іске асыру тетігі бекітілген баспатрға талдау жүргізіңіздер.

3. Бірінші сатыдағы сотпен қандай қателіктер жіберілген?

4. Сот жіберілген қателіктерді қалай жоюға болады?

5. Апелляциялық сатыдағы соттың әрекеттеріне баға беріңіздер.

4. Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>

2. «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V ҚРЗ.// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480>

3. Абдикаримов Н. Азаматтық істі мемлекеттік тілде жүргізудің өзекті мәселелері // Заңгер. - 2013. - №1. - С. 38-40.

4. *Акимбекова С.А.* Принципы состязательного гражданского процесса и их реализация в законодательстве и практике // Гражданское право: вызовы времени Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 70-летию А.Г. Диденко. Алматы, 2015. - С. 248-254.

5. Атаханова С.К., Омарова М.С. Азаматтық іс жүргізудегі жариялық принципі // ҚазҰУ хабаршысы. Заң сер. - 2016. - №1. - С. 130-133.

6. *Мынжанова А.* Осуществление правосудия только судом // Заңгер №7 (168) июль 2015. - С. 48-52.

7. *Ткачева Н.Н.* К вопросу об отнесении судебной практики по гражданским делам к источникам гражданского процессуального права // Современное право. - М.: Новый Индекс, 2013, № 10. - С. 88-91.

№ 2 тақырып. Қазақстан Республикасының азаматтық сот ісін жүргізу

1. Тақырыптың мазмұны:

Азаматтық сот ісін жүргізудің ұғымы. Азаматтық іс жүргізудің сатылары.

Азаматтық сот ісін жүргізуді дифференцияциялау және оның түрлері. Соттардың мамандандырылуы.

Азаматтық-құқықтық дауларды реттеудің балама тәсілдері және азаматтық сот ісін жүргізу.

Процестік мерзімдердің ұғымы және түрлері.

Азаматтық іс жүргізудегі сот шығыстарының ұғымы және құрамы.

дәріс сабағы тақырыбының осы тақырыпты меңгерген студенттің құзыреттілігімен байланысы

Аталмыш тақырыпты оқып-үйренген соң студент міндетті:

дағдылы болуға: азаматтық іс жүргізу құқығының ғылыми-ұғымдық аппаратының санаттары мен ұғымдарын еркін жұмыс жасай білуге; азаматтық сот ісін жүргізудің әрқайсысына тән азаматтық процессуалдық нысанның мазмұны мен мағынасын анықтауға

3. тәжірибеден алынған мысал-есептер (кейстер және шағын-кейстер);

Есеп. Талапкер П. жауапкер А. –ға моральдық зиянды өндіру туралы талап қойып жолданды. Ол талабын келесідей негіздеген: 2015 жылы 8 мамырда күндіз оның 200 жылы туылған кәмелетке толмаған қызы З.-ны жауапкердің иті талаған және тістеген. Осыған орай талапкер соттан 100 000 теңге мөлшерінде моральдық зиянды өтеуді және сот шығыстарын өндіруді сұраған.

Сот отырысында тараптардан кәсіби емес медиатор Т.-мен жүргізілген дауды медиация тәртібімен реттеу туралы бекітілген келісімі судьяға табысталды. Келісімнің жағдайлары бойынша талапкер П. қойылған талап арызынан бас тартады және соттан сот ісін жүргізуді тоқтатуды сұрайды. Жауапкер А. 2015 жылдың 1 тамызына дейінгі мерзімде ерікті түрде талапкерге 30 000 теңге төледі, 2015 жылдың 15 тамызына дейін – 10 000 теңге, 2015 жылдың 15 қыркүйегіне дейін – 10 000 теңге, барлығы 50 000 теңге төлеуді міндеттенеді. Талапкер П. жауапкер А.-дан келісімді орындауды қабылдауға міндеттенеді. Келісімнің жағдайлары жазбаша түрде мазмұндалған және 2016 жылы 17 маусымда тараптармен қолдары қойылған.

АПК-нің 247-бабы бойынша тараптар дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді бекітуіне байланысты сот іс бойынша іс жүргізуді тоқтатты. Кейін жауапкер А. сотпен бекітілген дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді ерікті түрде орындаудан бас тартты.

1. Татуласу келісімінің және дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімнің мәнісін түсіндіріңіздер.

2. Татуласу келісімі және дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім қандай талаптарға сәйкес келуі тиіс?

3. Татуласу келісімі және дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімнің жазбаша нысаны, аталған келісімдерді тараптардың өзара қол қойып растауы жәнеоны соттың бекітуі қандай құқықтық мағынаға ие?

4. Егер талапкер П. мен жауапкер А. арасында бекітілген дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді бекіту туралы өтініш істі сот талқылауына дайындау сатысында келіп түссе, онда ҚР АПК-нің қандай нормаларын сот қолданады?

5. Егер талапкер П. мен жауапкер А. арасында бекітілген дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді бекіту туралы өтініш сот талқылауы сатысында келіп түссе, онда ҚР АПК-нің қандай нормаларын сот қолданады?

6. Неге сот тараптарға дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді бекітудің салдарларын түсіндіруге міндетті?

7. Дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді жасасуына байланысты талапкер А.-ның төлеп қойған 991 теңге көлеміндегі мемлекеттік бажды қайтару туралы талабы қанағаттандырылады ма?

8. Талапкер П.-ға қайда жолдану қажет?

4. Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>

2. *Гафаров Р.Ф., Горшунов Д.Н.* Проблемы определения вида гражданского судопроизводства: теоретические основания и практические аспекты // Вестник гражданского процесса. - М.: ООО "Издат. дом В. Ема", 2014, № 1. - С. 49-65.

3. *Испанов И.* На пути к правосудию – мобильному, прозрачному, доступному, основанному на верховенстве закона. // Заңгер №3 (164) март 2015. - С. 8 -12.

4. *Михайлова Е.В.* О критериях отнесения гражданских дел к тому или иному виду гражданского судопроизводства // Осуществление гражданского судопроизводства судами общей юрисдикции и

арбитражными (хозяйственными) судами в России и других странах СНГ: Материалы международной научно-практической конференции, г. Москва, 22-23 ноября 2012 г. - М.: Проспект, 2014. - С. 281-288.

5. Нам Г. Суду - свою систему регистрации. // Заңгер №2 (163) февраль 2015. - С. 75-78.

6. Нұрмашев Ү.Ө. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы: оқу құралы: қысқаша курс - Өңделіп, толықт. 2-ші басылым. - Алматы: Жеті Жарғы, 2013. - 317 б.

7. Тусунбеков Р. Для обеспечения принципа верховенства права необходима независимая судебная система с профессиональным судейским корпусом // Заңгер №3 (164) март 2015.- С. 4-8.

№ 3 тақырып. Азаматтық процессуалдық құқық қатынастары

1. Тақырыптың мазмұны:

Азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының ұғымы және оның ерекшеліктері.

Азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының туындау негіздері.

Азаматтық процессуалдық құқық қабілеттілік және азаматтық процессуалдық әрекет қабілеттілік.

Азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының мазмұны және объектісі.

дәріс сабағы тақырыбының осы тақырыпты меңгерген студенттің құзыреттілігімен байланысы

Аталмыш тақырыпты оқып-үйренген соң студент міндетті:

дағдылы болуға: азаматтық іс жүргізу құқығының ғылыми-ұғымдық аппаратының санаттары мен ұғымдарын еркін жұмыс жасай білуге; азаматтық процессуалдық құқы қатынастарына қатысты құқық қатынастарының жалпы теориясының теориялық білімдерін қолдануға.

3. тәжірибеден алынған мысал-есептер (кейстер және шағын-кейстер);

№1 есеп. Асанов сотқа жарты жыл бұрын ұрланған ұялы телефонын қайтару туралы Иманбаевқа талап арыз қойды. Талапқа қарсылық білдіре отырып, Иманбаев ұялы телефон Армановтан сатып алынғанын, ал Арманов ұялы телефонды Михайловтан сатып алғанын айтты.

Іса жүргізуге кім қатысады? Әрбір қатысушының процессуалдық жағдайын анықтаңыздар.

№2 есеп. Дәулетбекова сотқа берген арызында жауапкер Дәулетбековпен некеде тұратынын, үш баласы барын көрсеткен. Жұмыс орны бойынша есеп бөлімі бірінші некеден туған қызына табысының ¼ бөлігін алимент ретінде ұстап қалады және Байбатыроваға қызын асырауға жіберіп отырады, қалған бөлігін Дәулетбеков өзі алып қояды. Қалған ақшаға үш баласын асырап-бағу мүмкін емес болғандықтан,

Дәулетбекова жауапкерден алимент өндіруді сұраған. Талап арызына қажетті құжаттар тркелген. Сот істі тыңдауға тағайындаған және сот отырысына тараптарды, куә ретінде Байбатырованы шақырту туралы соттың кеңсесіне нұсқау берді.

Судья дұрыс әрекет етті ме?

№ 3 есеп. Иванов пойыздың астына түсіп, өзін өзі өлтірді. Қайтыс болғанның жұбайы темір жол басқармасына зиянды өтеу және 5 және 9 жастағы екі баласын асырауға жәрдемақы төлеу туралы талап арыз қойды. Талап арызды қайтыс болған адамның анасы да қойған, ол ұлының асырауында болмаса да жасы (68 жас) және денсаулық жағдайы бойынша материалдық көмекке мұқтажбын деп есептейді. Жауапкер талапқа қарсылық білдіріп, Иванов пойыздың астына өзі секірген және машинисттің оның өлімін болдырмауға мүмкіндігі болмады деп түсінік берді.

Процессуалдық қатынастар кімдердің арасында туындады және олардың мазмұнын не құрайды?

4. Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>

2. *Афанасьев С.Ф.* Гражданское процессуальное право России: учебник для бакалавриата и магистратуры, 2-е изд., перераб. и доп. Издательство: Юрайт, 2017. - 444 с.

3. *Гражданский процесс: учебник* под ред. М.К. Треушникова. – М.: Статут, 2014. – 960 с.

4. *Потапова А.А.* Гражданское процессуальное право. Конспект лекций: учебное пособие. - Издательство: Проспект, 2017. – 112 с.

5. *Нұрмашев Ү.Ө.* Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы: оқу құралы: қысқаша курс - Өңделіп, толықт. 2-ші басылым. - Алматы: Жеті Жарғы, 2013. - 317 б.

6. *Сахнова Т.В.* Курс гражданского процесса. – М.: Статут, 2014. – 784 с.

№4 тақырып. Азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының субъектілері

1. Тақырыптың мазмұны:

Азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының міндетті субъектісі ретінде соттың құқықтық жағдайы.

Азаматтық іс жүргізудегі тараптардың ұғымы және оның процессуалдық құқықтары мен міндеттері.

Процессуалдық іске ортақ қатысудың ұғымы, мақсаты, негіздері және түрлері.

Тиісті емес жауапкердің ұғымы. Тиісті емес жауапкерді ауыстырудың шарттары, тәртібі және салдарлары.

Процестік құқық мирасқорлығының ұғымы және негіздері.

Азаматтық іс жүргізудегі үшінші тұлғалар және олардың түрлері.

Прокурордың азаматтық іс жүргізуге қатысу негіздері мен нысандары. Оның құқықтары мен міндеттері.

Басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау құқығы берілген мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, заңды тұлғалар немесе азаматтардың азаматтық іс жүргізуге қатысу негіздері және мақсаты.

Сотта өкілдік етудің ұғымы, соттағы өкіл және оның өкілеттігі.

Сот төрелігін жүзеге асыруға көмектесуші тұлғалар. Олардың құқықтары мен міндеттері.

2. дәріс сабағы тақырыбының осы тақырыпты меңгерген студенттің құзыреттілігімен байланысы

Аталмыш тақырыпты оқып-үйренген соң студент міндетті:

дағдылы болуға: азаматтық іс жүргізу құқығының ғылыми-ұғымдық аппаратының санаттары мен ұғымдарын еркін жұмыс жасай білуге; азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының әрбір субъектісінің рөлін, процессуалдық мәртебесін айқындауға; әрбір субъектінің құқықтық жағдайына қатысты ҚР АПК-нің нормаларына талдау жүргізуге; іске қатысушы тұлғалардың санаттарын олардың ерекше белгілері бойынша айқындау.

3. тәжірибеден алынған мысал-есептер (кейстер және шағын-кейстер);

Есеп. 2015 жылы 19 қарашада Л. сотқа 2015 жылы 23 шілдеде туылған, Ч. есімді баланы асырап алу туралы арызбен жолданды. Ол өзінің өтінішін келесідей негіздейді: қазіргі уақытта кәмелетке толмаған баланың заңды некеде тіркелген әкесімен бірге тұрып жатыр және оның өгей шешесі болып табылады, бұрынғы некеден бір кәмелетке толмаған баласы бар, баланың әкесінен ортақ балалары жоқ. өтінішін қанағаттандырған жағдайда баланың туу туралы акт жазбасын өзгертуді, өзін Ч.-ның анасы ретінде жазуды сұрайды.

Сот отырысында арыз беруші Л. асырап алатын баланы тәрбиелеу және асырап-бағу үшін барлық жағдайы бар деп сотқа түсіндіре отырып, өтінішін қанағаттандыруды сұраған. Бала туған кезінен бері өзімен бірге өмір сүруде, ол балаға, ал бала оған бауыр басып қалғандығын айтып түсіндірген.

Мүдделі тұлға – кәмелетке толмаған бала Ч.-ның әкесі сотқа Л.-дың өтінішін қанағаттандыруға келісемін деп сотқа түсіндірген, себебі арыз берушімен заңды некеде тұрады, асырап алынатын бала өзінің биологиялық баласы болып табылады, оған қатысты әкелігін анықтап алған. Ол акт жазбасындағы баланың тууы туралы жазбаны өзгертуге, баласының анасы ретінде арыз берушіні жазуға қарсы емес.

Қамқоршылық және қорғаншылық органының өкілі Т. сотқа кәмелетке толмаған бала Ч.-ны асырап алу кәмелетке толмаған баланың мүдесіне сәйкес келеді деген қорытынды берді.

Ата-аналардың баланы асырап алуға рұқсаты нотариалдық куәландырылған арызда, сондай-ақ бала асырап алу ісін жүргізу барысында тікелей сотта жариялануы мүмкін.

Кәмелетке толмаған баланың биологиялық анасы М. сот отырысында арыз берушінің баласын асырап алуына келесемін берді, кейін талап қоймайтын болды.

Сотпен анықталды: Ч-ның әкесі мен арыз беруші Л.-дың некесі 2015 жылы 20 сәуірде тіркелген, ерлі-зайыптылар төрт бөлмелі пәтерде келсі мекен –жай бойынша тұрып жатыр: Солтүстік-Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Астана көшесі, 17 үй, 11 пәтер.

Арыз берушіге тұрғылықты жері бойынша оң мінездеме берілген, қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тартылмаған, психиатриялық және наркологиялық диспансерде есепте тұрмайды, іс материалдарындағы медицианлық құжат бойынша Л.-дың денсаулық жағдайы асырап алушы болуға кедергі келтірмейді.

Қамқоршылық және қорғаншылық органының қорытындысы бойынша арыз беруші Л.-дың кәмелетке толмаған Ч.-ны асырап алуы кәмелетке толмаған баланың мүддесіне сәйкес келеді және негізделген болып табылады.

1. Бұл азаматтық іс жүргізудің қатысушылары кімдер болып табылады?

2. Іске қатысушы тұлғаларды анықтаңыздар

3. Прокурор және қамқоршылық және қорғаншылық органдары кімдердің мүдделерін сотта білдіреді?

4. Ч-ны асырап алуға кім және қалай келесім беруі тиіс?

5. Прокурордың және қамқоршылық және қорғаншылық органының қорытындысы қандай маңызға ие?

6. Негігі процессуалдық құқық қатынасын анықтаңыз

7. Бұл іс азаматтық сот ісін жүргізудің қайсы түріне жатқызылады?

8. Л.-дың арызы қанағаттандыруға жатады ма?

4. Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>

2. «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы N 195 Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000195>

3. «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2017 жылғы 30 маусымдағы № 81-VI ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1700000081>

4. *Конусова В.Т.* Организация и деятельность органов прокуратуры в Соединённом королевстве Великобритании и Северной Ирландии // Право и государство. - № 2(71) -2016. – С. 65-70.

5. *Нұрмашев Ү.Ө.* Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы: оқу құралы: қысқаша курс - Өңделіп, толықт. 2-ші басылым. - Алматы: Жеті Жарғы, 2013. - 317 б.

6. *Сарсенбаев Т.* Предупреждение конфликта интересов при найме юридических консультантов // Заңгер - №5 (166) - май 2015. - С. 78-81.

7. *Қалиев А.* Азаматтық істер бойынша сотта өкілдік етудің өзекті мәселелері // Заң. - 2013. - №10. - С. 28-29.

1. *Шакарян М.С.* Субъекты советского гражданского процессуального права /Научное наследие кафедры гражданского и административного судопроизводства. – М.: Проспект, 2017. – 686 с.

№ 5 тақырып. Азаматтық істердің ведомстволығы және соттылығы

1. Тақырыптың мазмұны:

Ведомстволықтың ұғымы және түрлері.

Ведомстволық туралы заңнаманы даму тенденциялары.

Соттылықтың ұғымы және түрлері.

2. дәріс сабағы тақырыбының осы тақырыпты меңгерген студенттің құзыреттілігімен байланысы

Аталмыш тақырыпты оқып-үйренген соң студент міндетті:

дағдылы болуға: азаматтық іс жүргізу құқығының ғылыми-ұғымдық аппаратының санаттары мен ұғымдарын еркін жұмыс жасай білуге; азаматтық іс жүргізудің әртүрлі сатыларында ведомстволық немесе соттылық туралы ережелерді бұзуға байланысты теріс құқықтық салдарларын ажырата білуге.

3. тәжірибеден алынған мысал-есептер (кейстер және шағын-кейстер);

Есеп.

ГУ «Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Алматы қаласы бойынша Департаменті» Мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Департамент) «К» ЖШС-не жауапкердің әрекетін заңсыз деп тану туралы талап қойып сотқа жолданды. Талапты келесідей негіздейді: жауапкер - «К» ЖШС электрэнергиясын басқа электр энергиясымен жабдықтаушы ұйымдарға (ЖШС «О» мен ЖШС «А») сатады, жалпы сату құны 325 720 теңгені құрайды, бұл ҚР «Электр энергиясы туралы» Заңының 13-бабының 3-3 п.-не қайшы келеді. Аталған ЖШС-тер тұтынушылар болып табылмайды, өз қажеттері үшін электрэнергиясын сатып алмайды, электр энергиясын беруші ұйымдар емес және табиғи монополиялар субъектілерін мемлекеттік тіркеуінде тіркелмеген. Сондай-ақ олар 2009 жылы 10 наурыздағы ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрінің бұйрығымен бекітілген

энергияны өндіруші ұйымдардың тізімінде жоқ болып шықты. ЖШС «К» энергиямен жабдықтаушы ұйым болғандықтан, ол электр энергиясын басқа энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға сата алмайды.

Сот ЖШС «К» әрекетін заңсыз деп танып, Департаменттің талабын ішінара қанағаттандырды. Соттың шешімі «ЖШС «К», энергияны өндіруші емес, энергиямен жабдықтаушы ұйым бола отырып, оны сатуға құқығы жоқ деп негізделді.

Бас Прокурордың наразылығында материалдық және процессуалдық құқық нормаларын бұзып шығарылған бірінші сатыдағы соттың шешімінің күшін жою туралы мәселе қойылды.

Кассациялық сот алқасы келесі қорытындыға келеді: іс азаматтық сот ісін жүргізу тәртібінде қаралуға жатпайды, себебі электр энергиясын сату тәртібін бұзу үшін жауапкершілік ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 147-6-бабында қарастырылған. Бұл істің санатын қарау ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінде бекітілген тәртіп бойынша жүзеге асырылады. Демек, Департаменттің арызы азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қаралуға жатпайды.

1. Азаматтық сот ісін жүргізудегі ведомстволықтың мәні мен мағынасын ашыңыз.

2. Азаматтық істің сотқа ведомстволығы неге талап қою құқығының алғышартына жатқызылады?

3. Мамандандырылған ауданарылық экономикалық сотта азаматтық істі қозғау заңды болды ма?

4. Осы азаматтық істі қозғаған соттың соттық қатесін істі сот талқылауына дайындау сатысында және сот талқылауы сатысында қалай жөндеуге болады?

5. Осы соттық қатені жоғары тұрған сотпен қалай жөндеуге болады?

4. Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>

2. *Ешниязов Н.С.* Туман в Степи: к вопросу о праве, применимом к частноправовым отношениям в Международном финансовом центре «Астана» // Право и государство. - № 3(72) - 2016. – С. 87-93.

3. *Сулейменов М.К.* Инвестиционные споры: зарубежный опыт и законодательство Казахстана//<http://online.zakon.kz>

4. *Тихомиров М.Ю.* Подведомственность и подсудность дел судам и арбитражным судам судебная практика применения законодательства. Издательство: Тихомиров М.Ю., 2016. - 79 с.

№ 6 тақырып. Соттық дәлелдеу және дәлелдемелер

1. Тақырыптың мазмұны:

Соттық дәлелдеудің ұғымы, мақсаты. Соттық дәлелдеу субъектілері.

Соттық дәлелдемелердің ұғымы және жіктелуі.

Дәлелдеу пәнінің ұғымы. Дәлелдеуге жатпайтын фактілер.

Дәлелдеу бойынша міндеттерді бөлу.

Дәлелдеу тәсілдерінің түрлері.

2. дәріс сабағы тақырыбының осы тақырыпты меңгерген студенттің құзыреттілігімен байланысы

Аталмыш тақырыпты оқып-үйренген соң студент міндетті:

дағдылы болуға: азаматтық іс жүргізу құқығының ғылыми-ұғымдық аппаратының санаттары мен ұғымдарын еркін жұмыс жасай білуге; дәлелдеу пәнін, дәлелдемелерді анықтауға; нақты азаматтық іс бойынша дәлелдеу міндеттерін бөлуді анықтауға.

3. тәжірибеден алынған мысал-есептер (кейстер және шағын-кейстер);

Есеп. Талап қоюшы Абдыкаримов К.К. жауапкер - «Инженерлік корпорация» ЖШС-не үстеме жұмыс үшін, түнгі уақыттағы жұмысы үшін, демалыс және мейрам күндері жұмыс жасағаны үшін жалақыны өндіру туралы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесі негізге алына отырып төленуге тиісті жалақыны қайта есептеу туралы, өкілдің қызметіне 1.235.100 теңге мөлшерінде ақы төлеу туралы талап арыз қойып сотқа жолданды. Сонымен бірге жауапкерден сот шығыстарын - сотқа келуіне байланысты шыққан жолақысын 13000 теңге көлемінде өндіруді сұрады.

2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 236-л бұйрығына сәйкес Абдыкаримов К.К. 2014 жылғы 27 қыркүйектен бастап мұнаралы кранның жүргізушісі лауазымына жеке еңбек шартына сәйкес үш ай сынақ мерзімімен штаттық кестеге сәйкес ай сайынғы жалақыға жұмысқа алынған.

2014 жылғы 1 сәуірдегі «Инженерлік корпорация» ЖШС-нің Бас директоры бекіткен штаттық кестеге сәйкес мұнаралы кранның жүргізушісінің айлық ақысы 60 000 теңгені құрайды.

2014 жылғы 1 қазандағы штаттық кестеге қосымша бойынша мұнаралы кранның жүргізушісінің айлық ақысы 56250 теңгені құрайды және дербес үстемеақы 18750 теңгені құрайды.

Сенімгерлікпен басқарушы О.-ның бекіткен 2015 жылғы 1 ақпандағы штаттық кестесіне сәйкес К.К.Абдыкаримовтың жалақысы 2015 жылдың 1 ақпанынан бастап 2016 жылдың 31 қаңтарына дейін 82500 теңге мөлшерінде бекітілген (Жеке еңбек шарты 1.02.2015 ж. жасалған).

Шарттың 1.1 пунктінде серіктестік штаттық кестеге, Еңбек ақысын төлеу туралы ішкі ережеге сәйкес қызметкердің еңбек ақысын уақытылы төлеуге міндеттенеді. Шарттың 3.1 п. сәйкес, серіктестік жұмыс

аптасының ұзақтығы туралы бұйрыққа сәйкес жұмыс уақытының кестесін бекітеді.

«Инженерлік корпорация» ЖШС-нің Бас директорының 2013 жылғы 1 қарашадағы №2 «Жұмыс аптасының ұзақтығы туралы» бұйрығына сәйкес, өндірістік қажеттілік бойынша бөлім басшылары, прорабтар, шеберлер, маханиктер, электр-инженерлері, геодезия инженерлері, сапа бойынша инженер, диспетчер, жүргізушілер, электриктер, слесарлар, кешені құрылыс бригадаларының жұмысшылары үшін 2013 жылдың 1 қарашасынан бастап алты күндік жұмыс уақыты бір демалыс күнімен, жеті сағаттық жұмыс күні дүйсенбіден-жұмаға дейін және бес сағаттық жұмыс күні сенбі күні, күнсайынғы түскі үзіліс бір сағатқа белгіленген.

Сотта жауапкердің өкілі жұмыс берушімен жұмыс уақыты Т-16 үлгі табелі бойынша жүргізілді деп түсіндірді.

Талапкердің түсінігі бойынша, Бөкейхан көшесіндегі құрылыста КБ-408.21 мұнаралы кранында бар болғаны екі кран жүргізушісі жұмыс істеген. Өндірістік үрдісті тоқтатпау үшін олар күн сайын 11 сағат жұмыс істеген, ал сменаны ауыстыру барысында тәулігіне 17 сағат жұмыс істеп, демалыссыз және мереке күндерінде демалмастан еңбек еткен. Объектіде құрылыс тәулік бойы жүргізілген.

Жауапкердің өкілі сотта берген түсінігінде талапкер жұмыс жасаған объектіде екі кран болғанын және олардың әрқайсысында екі жүргізушіден жұмыс істегенін растады.

Талапкердің талабын негіздей үшін сотқа дәлелдеме ретінде 2014 жылдың қазан, қараша, желтоқсан айлары, 2015 жылдың қаңтар, ақпан, наурыз айлары бойынша ауысымдық есептердің ксерокөшірмелері табысталған. 2014 жылдың қазан айы мен 2015 жылдың қаңтар айындағы ауысымдық есептерде серіктестіктің мөрі қойылған.

Жауапкердің өкілі сотқа ауысымдық есептің түпнұсақаларын тапсырмады, себебі аталған есептер кәсіпорында жоқ, сондай-ақ олар талапкердің жұмыс істеу ұзақтығын куәландыра алмайды деп есептейді. Өйткені, бұл құжаттар серіктестік құрал-жабдықтарды басқа ұйымдарған жалға берген кезде, жалдау уақытын есепке алу және жалдау ақысын есептеу үшін толтырылады екен.

Жауапкер-Директор Д. Сот отырысында түсіндіргендей, кәсіпорын үстеме жұмысы үшін, мереке және демалыс күндері жұмыс жасағаны үшін жалақысын төлер еді, егер ауысымдық есепте серіктестіктің мөрі қойылған болса, бірақ әрбір жұмысшы жасаған жұмысын есепке алып отыру үшін өзі ауысымдық есеп жүргізуін де жоққа шығармады.

Талапкер дәлелдемені қамтамасыз ету мақсатында жауапкерден кран жүргізушісінің жұмысы тіркелетін 2014 жылдың қыркүйек айынан бастап 2015 жылдың мамыр айына дейін КБ-408.21 кранына жүргізілген журналды жауапкерден талап етіп алдырту туралы сотқа өтініш берді. Жауапкер соттың талабын орындай алмады және кран жүргізушінің

вахталық журналы қажет болмағандықтан жойылды деп сотқа табыстай алмайтынан айтты.

Куә ретінде сот отырысында айғақ берген куәлар В., Л., К. талапкердің үстеме жұмысқа, демалыс күндері, түнгі уақтта жұмысқа жұмылдырылғаны туралы талаптың негіздеулерін растады.

1. Талапкер А-ның талабын негіздейтін дәлелдеу пәнін анықтаңыздар

2. Талап қоюды немесе талапқа қарсылықты негіздейтін мән-жайлардың бар болуын немесе жоқ болуын әрбір тарап қандай дәлелдемелермен растай алады?

3. Егер тарап сот талап еткен дәлелдемені өзінде ұстап қалса және оны соттың сұрау салуы бойынша сот белгілеген мерзімде ұсынбаса, онда сот қандай қорытындыға келеді?

4. Жауапкер табыстамаған ауысымдық есепте, кран журналында тіркелген мәліметтерді жауапкердің мүддесіне қарсы бағытталған деп сот есептей алады ма?

5. Бұл жағдайда куәлардың айғақтары қандай маңызға ие?

6. Талапкермен табысталған ауысымдық есепті талапты негіздейтін анық дәлелдеме ретінде сот тани алады ма?

7. Талапкердің қандай талаптары қанағаттандыруға жатады? Тізіп беріңіздер.

4. Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>

2. *Акмолдаева С.* Современные возможности судебной биологической и судебной экологической экспертиз. // Заңгер №4 (165) апрель 2015 г. - С. 50-53.

3. *Бычкова С.Ф.* Развитие законодательных основ судебно-экспертной деятельности в Республике Казахстан // Право и государство. № 1(70) 2016. – С. 39-41.

4. *Куанова И.* Факты - упрямая вещь // Заңгер №2 (163) февраль 2015 г. - С. 78-82.

5. Справочник по доказыванию в гражданском судопроизводстве: 6-е изд., доп. и перераб. - Издательство: Норма, 2017. – 448 с.

6. Сатбаев Б. Азаматтық процесс: дәлелдемелердің мәні мен маңызы // Заң. - 2015. - №8. - С. 33-34.

7. *Усов А.И.* Инновации и прогресс судебно-экспертной деятельности // Право и государство. № 1(70) 2016. – С. 48-43.

№ 7 тақырып. Талап және талап қою

1. Тақырыптың мазмұны:

Талап қою ісінің ұғымы.

Талаптың ұғымы, оның түрлері. Талаптың элементтері.

Талапқа құқық және талап қоюға құқық.

Жауапкердің мүдделерін қорғау.

Талапты қою тәртібі және оны орындамаудың салдарлары. Талап қою арызы және оның мазмұны.

Талап қою арызын қабылдау. Азаматтық істі қозғаудың құқықтық салдарлары.

2. дәріс сабағы тақырыбының осы тақырыпты меңгерген студенттің құзыреттілігімен байланысы

Аталмыш тақырыпты оқып-үйренген соң студент міндетті:

дағдылы болуға: азаматтық іс жүргізу құқығының ғылыми-ұғымдық аппаратының санаттары мен ұғымдарын еркін жұмыс жасай білуге; талаптың нысанасын немесе негізін анықтау; талап арызды жазуды; талап арызға тіркелетін қосымша құжаттарды; талап қоюдың процессуалдық тәртібін сақтауға.

3. тәжірибеден алынған мысал-есептер (кейстер және шағын-кейстер);

Есеп. К. жеке еңбек шартының негізінде 20.04.2004 ж. бастап «Серік» ЖШС-де айлық ақысы – 50 000 теңге, күзет бастығы лауазымында жұмыс істеді.

5.01.2015 жылы «Серік» ЖШС бастығының № 05 бұйрығымен дәлелді себепсіз үш сағаттан көп жұмыста болмағаны үшін К. –мен жеке еңбек шарты бұзылды, бұйрықпен К. танысқан.

К. «Серік» ЖШС-не жұмыстан шығару туралы 05.01.2005 жылғы бұйрықтың күшін жою туралы, «Серік» ЖШС-нің қауіпсіздік бөлімінің басшысы лауазымына қайта алу туралы, 1 800 000 теңге мөлшерінде материалдық зиянды өтеу, моральдық зиян келтіргені үшін 1 000 000 теңге мөлшерінде ақшалай өтемақы өндіру туралы талап қойып сотқа жолданды.

«Серік» ЖШС инспекторы Б.-ның, бас инженер Ю.-дың баяндауы бойынша, К. жұмыс орнында 03.01.2005 ж. бастап 05.01.2005 ж. дейін болмаған. Сондықтан талапкерді жұмыстан шығару туралы жауапкердің бұйрық шығаруы құқықты болып табылады.

Сонымен қатар, талапкер жоғарыда аталған талапты қодың ескіру мерзімін өткізіп алған, себебі оның жұмыстан шығарылған сәтінен бері үш жылдан астам уақыт өткен, бұл туралы қарсы тарап сотта мәлімдеді.

Бұл дау бойынша талаптың ескіру мерзімін өткізіп алудың қандай да бір дәлелді себебі жоқ болып шықты.

Бірақ, талапкер талаптың ескіру мерзімінің үзілгенін айтып түсіндірді: 04.01.2008 ж. ол осындай талап қойып сотқа жолданған және оған сотпен оның талап арызы қайтарылған. 21.01.2008 жылғы соттың ұйғарымында көрсетілгендей, талап арыз әуелі кемшіліктерді жою үшін 18.01.2008 жылға дейін қозғалыссыз қалдырылған, кейін аталмыш кемшіліктерді жоймағаны үшін ол талапкерге қосымша тіркелген құжаттарымен бірге қайтарылған. Заңмен белгіленген мерзім ішінде

талапкер бұл ұйғарымға шағым берген емес және бұл ұйғарым күшіне енген. Бұдан басқа, талапкердің еңбек кітапшасынан анықталғандай, бұл мерзім үзілген және бұл уақыт ол үшін амалсыз бос жүрген уақыт болып табылмайды, себебі 10.07.2006 ж. бастап 01.03.2007 ж. дейін, яғни жұмыстан шығарылғаннан кейін бір жарым жылдан соң талапкер «SADI - групп» ЖШС-де қауіпсіздік бөлімінің басшысы болып жұмыс істеген.

1. Талапкер К.-ның талабының нысанасын анықтаңыздар.

2. Талапкер К.-ның талабының негізін анықтаңыздар.

3. К. талапқа құқыққа және талап қою құқығына ие болады ма?

4. Талапкер К.-ның «Серік» ЖШС-не жұмыстан шығару туралы бұйрығының күшін жою, «Серік» ЖШС-нің қауіпсіздік бөлімінің басшысы лауазымына қайта алу туралы талабы негізделген бе?

5. Талапкер К.-ның «Серік» ЖШС-не жұмыстан шығару туралы бұйрығының күшін жою, «Серік» ЖШС-нің қауіпсіздік бөлімінің басшысы лауазымына қайта алу туралы талабы қанағаттандыруға жатады ма?

6. Талапкер К.-ның амалсыз бос жүрген уақытына 05.01.2005 жылдан бастап 05.01.2008 жылға дейін әрбір 36 ай үшін 50 000 теңгеденг әрқайсы айға ақшалай өтемақы төлеу туралы және моральдық зиянды өтеу туралы талабы қанағаттандыруға жатады ма?

4. *Ұсынылатын әдебиеттер:*

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>

2. *Абдувалиев Е.* Талап қоюды қамтамасыз ету және қамтамасыз ету шаралары ұғымы // Қазақстанның ғылымы мен өмірі=Наука и жизнь Казахстана. - 2013. - №1-2. - С. 80-87 б.

3. *Губина Е.Н.* Соотношение понятия «иск» и «исковое заявление» // Юридический аналитический журнал. 2014. Т. 1-2. С. 159-163.

4. *Кайса С., Искакова А.* Комментарий к Гражданскому процессуальному кодексу РК. (Часть 2). – Алматы: Жети Жаргы, 2014. – 384 с.

5. *Тарасенкова А.Н.* Исковое заявление. Чему не учат студентов. – М.:Прспект. 2015. – 64 с.

6. *Щербакова Л.Г., Пименова Е.Н.* Институт обеспечения иска как гарантия исполнимости судебного акта в гражданском и арбитражном процессе // Актуальные проблемы права. 2013. № 2. - С. 179-186.

№ 8 тақырып. Істі сот талқылауына дайындау. Азаматтық іс жүргізудегі татуластыру рәсімдері

1. *Тақырыптың мазмұны:*

Істі сот талқылауына дайындау және оның мәнісі. Азаматтық істерді сот талқылауына дайындаудың тәртібімен жүзеге асырылатын процессуалдық әрекеттер.

Татуластыру рәсімінің ұғымы және түрлері.

Татуласу келісімінің ұғымы және оны бекітудің салдарлары.

Медиация дауларды шешудің балама тәсілдерінің бір түрі ретінде.

Партисипативтік рәсімнің ұғымы және мәнісі.

2. дәріс сабағы тақырыбының осы тақырыпты меңгерген студенттің құзыреттілігімен байланысы

Аталмыш тақырыпты оқып-үйренген соң студент міндетті:

дағдылы болуға: судья ретінде және іске қатысушы тұлға ретінде сот талқылауына дайындық сатысында дербес процессуалдық әрекеттердің жүзеге асыру; процессуалдық әрекеттің әдістемесін және тактикасын ескере отырып сот талқылауына дайындық кезінде дұрыс шешім қабылдау; соттың, судьяның және іске қатысушылардың атынан процессуалдық құжаттарды білікті құрастыру.

3. тәжірибеден алынған мысал-есептер (кейстер және шағын-кейстер);

№ 1 есеп. Кәмелетке толмағандардың ісі бойынша комиссия В.П. Баратовты 2 жас пен 6 жас аралығындағы үш баласына қатысты ата-аналық құқықтан айыру туралы арызбен сотқа жолданды. Комиссия іс бойынша куәлар ретінде И.В. Юрараев пен Д.Т. Баратовты шақыру туралы өтініш түсірді. Істі сот талқылауына дайындау кезінде анықталғандай, Баратов Д.Т. жоғарыда аталған балалардың әкесі болып табылатыны белгілі болды.

Сот не істеуі керек?

№ 2 есеп. «Алмаз» АҚ тауар жеткізілімі бойынша сатылған өнім үшін қарызды «Азимут» ЖШС-нен өндіру туралы дауды қарау туралы арызбен төрелікке жолданды. Екі тараптың арасында жасалған тауар жеткізілімі туралы шартта осы дауды төрелікке беруге жол беретін жағдай қарастырылғандықтан, іс қарауға қабылданды. Тараптар төреліктің құрамын бекіткен соң, «Азимут» ЖШС дауды төрелікте әрі қарай қарамастан, дауды медиатордың «көмегімен реттеу туралы «Алмаз» АҚ-на ұсыныс жасап жолданды.

«Алмаз» АҚ «Азимут» ЖШС-нің ұсынысымен келісті және құқықтық дауды одан әрі төрелікте қараудан бас тартатынын мәлімдеді. Төрелік істі тоқтату туралы қаулы шығарды.

Медиация рәсімінің нәтижелері бойынша «Азимут» ЖШС даулы соманы «Алмаз» АҚ-на төлеуден бас тартты.

«Алмаз» АҚ Алматы қаласы Алмалы аудандық сотына жеткізілген тауар үшін қарызды өндіру туралы талап қойып жолданды. Алмалы соты талап арызды қарауына қабылдады. Талап арызға берілген пікірде «Азимут» ЖШС келесідей атап көрсетті: шартта төрелік сотта дауды қарау туралы қарастырғандықтан «Алмаз» АҚ өз құқығын сотта

қорғаудан бас тартқан, ал дауды төрелікте қараудан өз еркімен бас тартты, сол себепті бұл іс сотта қарауға жатпайды.

«Алмаз» АҚ қарсылық білдіріп, дауды төрелікте қараудың орнына медиация рәсімін пайдаланғанын, бірақ оңды нәтиже бермегенін атап көрсетті. Медиация дауды шешудің тәртібіне жатпайтын болғандықтан, мұндай тәсілді пайдаланған тарап сотқа жолдану құқығынан айырылмайды.

Тараптардың дәлелдері дұрыс па?

Сотқа қалай әрекет ету қажет?

Төрелік туралы және медиация туралы ескертулер сотқа жолдану құқығына кедергі келтіреді ме?

4. Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>

2. «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV Заңы.// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000401>

3. *Адам М.* Внесудебное рассмотрение и разрешение жалоб потребителей // Заңгер №4 (165) апрель 2015. - С. 36-39.

4. *Бусурманов А.Ж.* Арбитраж как альтернативный инструмент разрешения споров // Вестник Института законодательства Республики Казахстан №1 (42) 2016. - С. 140-143.

5. *Исмагулов А.* Новая глава в ГПК «Мировое соглашение» // Заңгер №6 (167) июнь 2015. - С. 59-63.

6. *Кайса С., Искакова А.* Комментарий к Гражданскому процессуальному кодексу РК. (Часть 2). – Алматы: Жети Жаргы, 2014. – 384 с.

7. *Конусова В.Т., Бекен А.Т.* Развитие института медиации в Казахстане в контексте зарубежного опыта // Право и государство. - № 1(70) - 2016. – С. 74-80.

8. *Мулдагалиев А.* Правовые аспекты применения медиации // Заңгер №6 (167) июнь 2015 г. - С. 32-35.

9. *Сулейменов М.К.* Быть ли независимой медиации в Казахстане?// <http://zangerlf.com/ru>

10. *Родионова Т.В.* Процессуально-правовые вопросы применения исковой давности на стадии подготовки дела к судебному разбирательству // Арбитражный и гражданский процесс. 2013. № 1. – С. 23-28.

№ 9 тақырып. Бірінші сатыдағы соттың азаматтық істі қарауы

1. Тақырыптың мазмұны:

Сот талқылауының ұғымы және мәнісі. Сот отырысының бөлімдері.

Істі талқылауды кейінге қалдыру. Іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру. Істі шешім шығармай аяқтау: іс бойынша іс жүргізуді тоқтату, арызды қараусыз қалдыру.

Сот отырысының хаттамасы, оның мазмұны мен мағынасы.

2. дәріс сабағы тақырыбының осы тақырыпты меңгерген студенттің құзыреттілігімен байланысы

Аталмыш тақырыпты оқып-үйренген соң студент міндетті:

дағдылы болуға: судья ретінде және іске қатысушы тұлға ретінде сот талқылауы сатысында дербес процессуалдық әрекеттердің жүзеге асыру; сот талқылауы барысында дұрыс шешім қабылдау; соттың атынан, судьяның және іске қатысушы тұлғалардың атынан процессуалдық құжаттарды білікті толтыру.

3. тәжірибеден алынған мысал-есептер (кейстер және шағын-кейстер);

Сотта іс жүргізуге дайындық

Стуенттер ата-аналық құқықтан айыру туралы іс бойынша сот талқылауына іскерлік ойын өткізуі тиіс. Іс жүргізудің соңында соттық іс тапсырылуы тиіс.

Ахметова Сәуле Талғатқызынан Алматы қаласы кәмелетке толмағандардың істері жөнінде мамандандырылған ауданарлық сотқа Ануаров Самат Сағындықұлын ата-аналық құқықтан айыру туралы талап арыз келіп түскен.

Талапкердің түсінігі:

Мен, Ахметова Сәуле Талғатқызы, 17.09.1997 жылдан бері жауапкер Ануаров Самат Сағындықұлымен заңды некеде тұрамын.

Некеден қызымыз бар – Ануарова Альбина Саматқызы - 20.03.1999 жылы туылған. 10.09.2002 жылы неке бұзылды, бұл туралы Алматы қаласы Бостандық аудандық АХАТ бөлімінде № 531 актілік жазба бар.

2003 жылдан бастап жауапкер қызын көрмеді, материалдық көмек көрсетпеді, өзінің ата-аналық міндеттерін орындаудан жалтарды. 2005 жылы мен Арманов Марат Оспанұлымен заңды некеге отырдым, бұл некеден ұлымыз Данияр бар.

Арманов Марат Оспанұлы қызым Ануарова Альбина Саматқызына туған қызындай қарайды, оны адамгершілікке баулиды, оқуына және физикалық тәрбиесіне қатысады, яғни ата-аналық құқығын іс жүзінде жүзеге асырады, оны асырап алуға ниеті бар.

Соңғы жылдары жауапкер Ануаров Самат Сағындықұлы қызын көрмеді, оның тәрбиесімен айналыспайды, оның тағдырына қызықпайды, материалдық көмек көрсетпейді. Соңғы кездесу менің өтінішім бойынша 2007 жылы желтоқсанда болды, сол кезде одан баламыздан бас тартуды сұрадым, себебі ол бәрібір ата-аналық құқығын жүзеге асырмайды.

Жауапкермен соңғы кездесуден кейін баланың жүйкесі бұзылды, бала психиатр дәрігерден тексеруден өтті.

Жауапкердің мінезі тез ашуланшақ, бұрын есірткі пайдаланған, әскерден «нашақорлық» диагнозымен қайтарылған. Некеде тұрған кезде және неке бұзылған соң маған бірнеше рет физикалық зорлық көрсетті.

Академик Н.И. Пироговтың атындағы №3 1472 ӘМК аурухананың Әскери-дәрігерлік комиссиясының 09.10.1991 жылғы № 540 куәлігінен анықталғандай, Ануаров Самат Сағындықұлы есіркі құралдарын «анаша» түрінде 15 жастан бастап пайдалана бастаған, кейін құрамында есірткі бар әртүрлі медициналық дәрілерді, транквилизаторларды пайдаланған, 15.07.1991 жылдан 06.09.1991 жылға дейін Севастополь қаласындағы психиатриялық ауруханада жатқан, ойы жетілмеген, нашақорлықтан бас тартпайтынын мәлімдеген. Осыған байланысты комиссиямен қайтарылған.

Әкесімен сөйлескен соң менің қызым психолог-маманның кеңес-көмегіне жолданды. Олар «травмадан кейінгі стресстік реакция» деген диагноз қойды. Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде жауапкерді ата-аналық құқықтан айыруды сұраймын.

Жауапкердің қарсылығы.

Сот отырысында жауапкердің өкілі адвокат Исмуханов А.А. талап қоюды танудан бас тартты, талапкер С.Т. Ахметованың талабын қанағаттандырмауды өтінді, себебі талапкермен мәлемделген мән-жайлар шындыққа сай келмейді және негізсіз деп атап көрсетті.

Сотта берген жауапкердің түсінігі бойынша, талапкер оның қызымен қарым-қатынас жасауына кедергі келтірген. Баланы әкесіне қарсы қояды, баланың көзінше әкесін қорлайды және абыройын түсіреді. Баласына бірнеше рет телефон шалуға тырысып баққанымен, оған телефонды бермеді.

Ата-аналық құқықтан айыру туралы іс бойынша дәлелдеу пәні балаға қатысты ата-ананың (немесе біреуінің) кінәлі әрекетінен кәмілетке толмаған баланың құқықтары мен заңдық мүдделерінің бұзылуы болып табылады.

4. Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>

2. *Баймолдина З.Х.* Гражданское процессуальное право Республики Казахстан: В двух томах. Том 1. Учебник. – Алматы: КазГЮА, 2001. – 416 с.

3. Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. ҮЛГІ. Залог. Исполнение судебных решений. /Под ред. К.А. Мами, А.Ж. Ештая, А.Г. Диденко.– Алматы, Раритет, 2016. – Выпуск 46. – 156 с.

4. Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. ҮЛГІ. Страхование. Корпоративные споры. /Подред. К.А. Мами, А.Г. Диденко.– Алматы, 2017. – Выпуск 53. – 204 с.

5. *Кайса С.Т., Искакова А.Б.* Научно-практический комментарий к Гражданскому процессуальному кодексу Республики Казахстан (Часть 1). – Алматы: Жети Жаргы, 2012. – 440 с.

6. *Образцова Л.* Гражданско-процессуальное право. - М.: ООО Астрель, 2017. - 160 с.

№ 10 тақырып. Бірінші сатыдағы соттың актілері

1. Тақырыптың мазмұны:

Сот шешімінің мәнісі және мағынасы. Сот шешіміне қойылатын талаптар.

Шешім шығарған соттың сот шешіміндегі жетіспеушіліктерді жоюы.

Бірінші сатыдағы соттың ұйғарымы және оның түрлері.

2. дәріс сабағы тақырыбының осы тақырыпты меңгерген студенттің құзыреттілігімен байланысы

Аталмыш тақырыпты оқып-үйренген соң студент міндетті:

дағдылы болуға: заңды және негізделген шешім қабылдау үшін судья және іске қатысушы тұлға ретінде дербес процессуалдық әрекеттерді жүзеге асыру; соттың атынан, судьяның және іске қатысушы тұлғалардың атынан процессуалдық құжаттарды білікті толтыру; шешімді шығару барысында сот тәжірибесінің материалдарымен және нормативтік құқықтық актілермен іздестіру және аналитикалық жұмыстар жүргізу.

3. тәжірибеден алынған мысал-есептер (кейстер және шағын-кейстер);

Есеп. «№ 1 сыра зауыты» АҚ сыра қайнататын компанияға иелік етеді. 2012 жылы 11 наурызда ол «Стеклотара» АҚ-нан сыйымдылығы 0,33 л. болатын 10 000 дана көлемінде бөтелкелерге тапсырыс береді, шарттың жағдайлары бойынша тауар таза және пайдалануға дайын күйінде жеткізілуі тиіс. Шарттың құны - 12 млн. теңге.

Шарт жасасу барысында тек қана Бас директор Б. өкілдік етті. «Стеклотара» АҚ-ның Жарғысында егер мәміленің құны ең төменгі жарғылық қордың үш еселенген құнынан аспайтын болса, Бас директор үш құрылтайшысының келісімінсіз мәміле жасай алады деп бекітілген.

Тауар жеткізілген соң, 2012 жылы 15 наурызда тапсырыспен алынған бөтелкелердің жартысы шұғыл тапсырыс бойынша «№ 1 сыра зауыты» АҚ иесінің атасы шығарған ескіден және құпия рецептісі бойынша дайындалған сыраны сүйіп бағалаушылардың «Октоберфест» атты сырасымен толтырылады. Бөтелкелердің келесі бөлігінің кемшіліктері тексеріледі. Нәтижесінде, бөтелкелердің көп бөлігі тазалық бойынша қойылған талаптарға сәйкес келмейтіні анықталды. Сондықтан

«№ 1 сыра зауыты» АҚ-ның иесі хатшы А.-ға кемшіліктер туралы талапты жазбаша нысанда толтырып, «Стеклотара» АҚ-на жіберуді нұсқайды, хатшы сол күні нұсқауды орындайды.

Сыра құйылған бөтелкелердегі әдеттегі ашық түсті сыра қарайып кеткен, бөтелкенің түбінде шөгінділер жиналған, кейін сараптамамен анықталғандай, бөтелкені тиісінше тазаламаудың салдарынан болған. «№ 1 сыра зауыты» АҚ сыра бұзылған және тапсырыс берушіге жеткізуге жатпайтынын түсінеді. Соның нәтижесінде оған 2 млн. теңге мөлшерінде шығын келтірілді, осы шығынды «Стеклотара» АҚ-ның өтеуін сұрайды.

Шығынды өтеу туралы бірнеше рет хат жазған соң «№ 1 сыра зауыты» АҚ 2012 жылы 21 сәуірде сотқа шығынды өндіру туралы талап қойып жолданады. Талабын 2012 жылғы 15 наурыздағы бөтелкелердің лас күйінде жеткізілуі жөнінде талап ету туралы хатына сілтеме жасайды. «Стеклотара» АҚ-ның атынан Б. қарсылық білдіріп, бұндай хатты АҚ алған жоқ деп түсіндіреді.

Талап қанағаттандыруға жатады ма?

Сот қандай шешім шығаруы тиіс?

4. Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>

2. «Сот шешімі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі N 5 нормативтік қаулысы.// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P03000005S>

3. *Нұрмашев Ү.Ө.* Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы: оқу құралы: қысқаша курс - Өңделіп, толықт. 2-ші басылым. - Алматы: Жеті Жарғы, 2013. - 317 б.

4. *Диордиева О.Н.* Гражданское процессуальное право. - М.: Книжный дом «Университет» (КДУ), 2016. - 511 с.

5. *Воронов А.Ф., Аргунов В.В., Борисова Е.А., Бочарова Н.С., Иванова С.А.* Гражданский процесс: учебник. - М., Статут, 2015. - 960 с.

№ 11-тақырып. Оңайлатылған іс жүргізу

1. Тақырыптың мазмұны

Оңайлатылған іс жүргізудің ұғымы және түрлері

Бұйрық арқылы іс жүргізудің ұғымы. Сот бұйрығын шығарылатын талаптар.

Сот бұйрығы (ұғымы, шығару тәртібі және мерзімі). Сот бұйрығының күшін жою.

Сырттай іс жүргізудің ұғымы. Сырттай іс жүргізуге жол беретін жағдайлар.

Сырттай шешімнің күшін жою туралы арызды қарау бойынша соттың өкілеттігі.

2. дәріс сабағы тақырыбының осы тақырыпты меңгерген студенттің құзыреттілігімен байланысы

Аталмыш тақырыпты оқып-үйренген соң студент міндетті:

дағдылы болуға: оңайлатылған іс жүргізуде судья және іске қатысушы тұлға ретінде дербес процессуалдық әрекеттерді жүзеге асыру; соттың атынан, судьяның және іске қатысушы тұлғалардың атынан процессуалдық құжаттарды білікті толтыру; сот бұйрығын және сырттай шешім шығару барысында сот тәжірибесінің материалдарымен және нормативтік құқықтық актілермен іздестіру және аналитикалық жұмыстар жүргізу.

3. тәжірибеден алынған мысал-есептер (кейстер және шағын-кейстер);

№ 1 есеп. Сот отырысының басында үйден шығару туралы іс бойынша жауапкерлердің біреуі келмей қалғаны мәлім болды. Іс материалдарында оның қатысуынсыз істі қарау туралы өтініші болмай шықты. Талапкер сот отырысын істі сырттай жүргізу тәртібімен өткізуді өтініп сұрады, себебі келмей қалу дәлелді себеп емес және жауапкер істі сотта қарау мерзімін созып отыр деп мәлімдеді. Екінші жауапкер сырттай іс жүргізуге қарсы емес екенін білдірді. Сот сырттай іс жүргізуді өткізуден бас тартып, сот отырысын кейінге қалдырды.

Сот дұрыс жасады ма?

№ 2 есеп. Сот сырттай шешім шығарды. Жауапкер сырттай шешімнің күшін жоюдың және істі мәні бойынша қарауды қайта бастау туралы арызбен сотқа жолданды. Аызды қарау барысында жауапкердің келмей қалу себебі қызметтік іс-сапарға кетуі болғаны анықталды. Қандай да бір басқа іс бойынша жаңа мән-жайлар мен дәлелдемелерді жауапкер бермеген, бірақ сот даулы құқықтық қатынасты реттейтін құқық нормасына дұрыс емес талқылаған және сотқа өз пікірін білдіргісі келетінін атап аерсеткен. Сот арызды қанағаттандырды.

Сот дұрыс жасады ма?

4. Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>

1. Артемова Т.В. Понятие и значение заочного производства в гражданском судопроизводстве // XVIII Державинские чтения. Институт права: материалы Общероссийской научной конференции. Февраль 2013 года. - Тамбов: Издат. дом ТГУ им. Г.Р. Державина, 2013. - С. 165-171.

2. Артемова Т.В. Проблемные аспекты заочного производства в гражданском процессе Российской Федерации и пути их решения // XIX Державинские чтения. Институт права: материалы Общероссийской научной конференции. Февраль 2014 г. - Тамбов: Издат. дом ТГУ им. Г.Р. Державина, 2014. - С. 225-231.

3. Баулин О.В., Носырева Е.И., Фильченко Д.Г., Шеменова О.Н. Виды гражданского судопроизводства: учебное пособие под общ.ред. О.В. Баулина, Е.И. Носыревой. – М.: Инфотропик Медиа, 2012. – 280 с.

4. Кайса С.Т., Искакова А.Б. Научно-практический комментарий к Гражданскому процессуальному кодексу Республики Казахстан (Часть 1). – Алматы: Жети Жаргы, 2012. – 440 с.

5. Нұрмашев Ү.Ө. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы: оқу құралы: қысқаша курс - Өңделіп, толықт. 2-ші басылым. - Алматы: Жеті Жарғы, 2013. - 317 б.

6. Мохов А.А., Воронцова И.В., Семёнова С.Ю. Гражданский процесс (гражданское процессуальное право) России: учебник. - М.: ООО «Юридическая фирма Контракт», 2017. – 384 с.

№ 12 тақырып. Ерекше талап қою ісін жүргізу. Ерекше іс жүргізу

1. Тақырыптың мазмұны

Ерекше іс жүргізудің ұғымы және мәні.

Ерекше іс жүргізудің ұғымы және мәні.

2. дәріс сабағы тақырыбының осы тақырыпты меңгерген студенттің құзыреттілігімен байланысы

Аталмыш тақырыпты оқып-үйренген соң студент міндетті:

дағдылы болуға: ерекше және еркше талап қою ісін жүргізуде судья және іске қатысушы тұлға ретінде дербес процессуалдық әрекеттерді жүзеге асыру; соттың атынан, судьяның және іске қатысушы тұлғалардың атынан процессуалдық құжаттарды білікті толтыру; ерекше және ерекше талап қою ісін жүргізу бойынша шешім шығару барысында сот тәжірибесінің материалдарымен және нормативтік құқықтық актілермен іздестіру және аналитикалық жұмыстар жүргізу.

3. тәжірибеден алынған мысал-есептер (кейстер және шағын-кейстер);

Есеп. Алматы қаласының Жетісу аудандық соты құрамында төрағалыққа етуші судья К., сот отырысының хатшысы Б., Алматы қаласы Жетісу аудандық прокурорының аға көмекшісі К.-ның қатысуымен, арыз беруші - Ш., мүдделі тұлға - К., Алматы қаласы Жетісу аудандық әкімдігі аппараты қамқоршылық және қорғаншылық органының өкілі - Ж., маман ретінде қатыстырылған «Алматы қаласы қалалық наркологиялық орталығының» дәрігер-наркологы – З.-ның қатысуымен ашық сот отырысында Ш. – анасының Ш.-ны әрекет қабілеттілігін шектеу туралы арызы бойынша істі қарады.

Ш.-ның арызы келесідей негізделеді: ұлы Ш. спирт ішімдіктеріне салынған, пәтердегі Ш.-ның мүліктерін сатқан сөйтіп оны материалдық жағынан ауыр жағдайға ұшыратқан. Арыз беруші Ш. Оған анасы болып келеді. Ш.-ның өз отбасы жоқ, анасымен бірге өмір сүріп жатыр.

Сот отырысында арыз беруші Ш. Арызда негізделген дәлелдерді құптады және арызын қанағаттандыруды сұрады. Арызға тіркелген медициналық анықтамадан белгілі болғандай, Ш. «Алкогольды пайдалану нәтижесінде психикалық және мінез-құлықтық күйзеліске ұшырау .Тәуелділік синдромы» диагнозымен есепте тұрған. Алкоголизмнен стационарлық емдеуде 27 рет өткен.

Арыз беруші Ш.-ның түсінігінен анықталғандай, ш. Спирт ішімдіктерін үнемі пайдаланады. Жұмыс істемейді, спирт ішімдіктерін сатып алу мақсатында азын-аулақ ақшаға пәтердегі заттарды үшінші тұлғаларға сатады. Емдеу мекемелерінде көп рет стационарлық емдеуде болған, бірақ нәтиже бермеген. 2015 жылдың 21 шілдесінен бері «Алматы қаласы қалалық наркологиялық орталығында» стационарлық емделуден өтуде.

Іс бойынша мүдделі тұлғаретінде қатыстырылған К., арыз берушінің қызы болады, арызды қанағаттандыруға қарсы емес. К. сотқа сондай түсінік берген.

Іс бойынша маман ретінде қатыстырылған «Алматы қаласы қалалық наркологиялық орталығының» дәрігер-наркологы Зиябекова Д.А. Ш-ның 2015 жылдың 21 шілдесінен бері стационарлық емделіп жатырғанын растады, оның ауыру жағдайын көрсетіп, оның есепте тұрғанын, бірнеше рет стационарлық емдеуде болғанын атап көрсетті.

Ш. ауыру жағдайына байланысты сот отырысына шақырылмады.

- 1. Бұл іс азаматтық сот өндірісінің қай түріне жатқызылады?**
- 2. Бұл жағдайда кім арыз беруші болып табылады?**
- 3. Ш-ның арызы қанағаттандыруға жатады ма?**
- 4. Сот ісін жүргізудің бұл түрі талап қою ісінен несімен ажыратылады?**
- 5. Ұқсас арыздар бойынша қандай сот актісі шығарылады?**
- 6. Іс бойынша оң шешім шығарған сот кейін оны жоя алады ма және қандай жағдайда?**
- 7. Осы санаттағы істер бойынша қандай процессуалдық ерекшеліктер бар?**

4. Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>

2. «Зандық маңызы бар фактілерді анықтау туралы істер бойынша сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік 2002 жылғы 28 маусымдағы N 13 қаулысы.// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P02000013S>

3. *Аленов М.А.* Азаматтық іс жүргізу құқығы. - Астана , 2011. – 431 с.

4. *Березницкая Д.* Обжалование актов налоговых органов, действий (бездействия) их должностных лиц /Налогообложение

адвокатов в Республике Казахстан: научно-методическое пособие. Под общей ред. д.ю.н. Е.В. Порохова. - С.64-70.

5. *Боннер А.Т.* Неисковые производства в гражданском процессе: учебное пособие. – М.: Проспект, 2012. – 656 с.

6. *Касимов А.* Особенности административного процессуального права - С. 20-23.

7. *Манахова А.* Особенности рассмотрения гражданских дел по усыновлению (удочерению) ювенальными судами // Заңгер №6 (167) июнь 2015 г. - С. 68 -71.

8. *Подопригора Р.А.* Административные процедуры в Казахстане: состояние вопроса // Общее право административных процедур и его значение для специальных отраслей публичного права: Материалы IV международной научно-практической конференции по административному праву. Алматы, 2014 г. - С. 46-50.

9. *Потапова А.А.* Гражданское процессуальное право. Конспект лекций: учебное пособие. - Издательство: Проспект, 2017. – 112 с.

№ 13 тақырып. Сот актілерін қайта қарау бойынша іс жүргізу

1. Тақырыптың мазмұны:

Заңды күшіне енбеген шешім мен ұйғарымға апелляциялық шағым жасау, прокурорлардың өтінішхаттар келтіруі бойынша іс жүргізу сатысының мәні мен мағынасы. Апелляциялық шағымдау, өтінішхат келтіру құқығы. Шағымдау объектісі. Шағымдау тәртібі мен мерзімі.

Шағым мен наразылықтың мазмұны.

Апелляциялық шағым бойынша істерді қарау мерзімі мен процессуалдық тәртібі. Апелляциялық сатыдағы соттың өкілеттіктері.

Заңды күшіне енген шешімге, ұйғарымға, апелляциялық қаулыға кассациялық тәртіпте дау айту, наразылық келтіру мәні мен мағынасы. Кассациялық тәртіпте дау айту, наразылық келтіру құқығы. Өтінішхат (наразылық келтіру) объектісі, тәртібі және мерзімі.

Сот актісін кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы және кассациялық наразылық келтіру туралы өтінішхаттың мазмұны.

Істі кассациялық тәртіппен қарау нысанасы және шектері. Істі кассациялық сатыдағы соттың қарау тәртібі.

Кассациялық сатыдағы соттың өкілеттіктері.

Заңды күшіне енген шешімдерді, ұйғарымдарды және қаулыларды жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау.

Сот актілерін қайта қарауың негіздері. Жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша істі қайта қарау туралы арыз беру құқығы.

2. *дәріс сабағы тақырыбының осы тақырыпты меңгерген студенттің құзыреттілігімен байланысы*

Аталмыш тақырыпты оқып-үйренген соң студент міндетті:

дағдылы болуға: апелляциялық, кассациялық қайта қарау мен жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарауда судья және құқық субъектісі ретінде дербес процессуалдық әрекеттерді жүзеге асыру; соттың атынан, судьяның және апелляциялық, кассациялық қайта қарау және жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша істі қайта қарау құқығының субъектісінің атынан жеке шағымды (өтінішхатты), апелляциялық шағымды (өтінішхатты), кассациялық шағымды (наразылықты) білікті толтыру; шешім, қаулы шығару барысында сот тәжірибесінің материалдарымен және нормативтік құқықтық актілермен іздестіру және аналитикалық жұмыстар жүргізу.

3. тәжірибеден алынған мысал-есептер (кейстер және шағын-кейстер);

№1 есеп. И.Р., Бобровтың денсаулығына келтірілген залалды өтеу туралы істі қараған соң 2 күн өткеннен кейін сотқа куә Фирсова жолданды. Ол соттың шешімі әділетсіз деп санайды және басқа тұлғаның (Бобровтың) құқықтары мен заңдық мүддесін қорғау үшін іс жүргізуге қатысушы тұлға ретінде өзіне берілген шешімге шағым келтіру құқығын пайдаланғысы келеді. Осыған байланысты ол өзінің айғақтары жазылған сот отырысының хаттамасының көшірмесін және соттың шешімінің көшірмесін беруді талап етті.

Сот қалай әрекет етуі тиіс? Фирсоваға қандай түсінік беру қажет?

№ 2 есеп. Елесеевтің құрылыс ұйымына – жоғары қауіптілік көзінің иесіне «Toyota» автокөлігін жөндеу ақысын өндіру туралы талабын қарау барысында іске шағынды келтіруші кнәлі - автокөлік жүргізушісі Суслов қатыстырылды. Сот талапты қанағаттандырды.

Шешім заңды күшіне енген соң бірнеше айдан кейін талапкер кассациялық шағым келтірген, онда шешім орындалмай жатыр, себебі ұйымның есеп-шотына тиым салынған, сол себепті шешімді өзгертіп, жауапкерге көлігін жөндеп беру міндетін жүктеуді сұраған.

Істі кассация тәртібінде қайта қарауға негіз бар ма?

4. Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>

2. Гражданский процесс: учебник / Л.В. Туманова и др. – Москва: ЮНИТИ-ДАНА, 2015. – 598 с.

3. *Кайса С.Т., Искакова А.Б.* Научно-практический комментарий к Гражданскому процессуальному кодексу Республики Казахстан (Часть 1). – Алматы: Жети Жарғы, 2012. – 440 с.

4. *Нұрмашев Ү.Ө.* Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы: оқу құралы: қысқаша курс - Өңделіп, толықт. 2-ші басылым. - Алматы: Жеті Жарғы, 2013. - 317 б.

№ 14 тақырып. Шетелдік тұлғалар қатысатын істер бойынша іс жүргізу

1. Тақырыптың мазмұны:

Шетелдік азаматтардың, азаматтығы жоқ тұлғалардың, шетелдік және халықаралық ұйымдардың азаматтық процессуалдық құқықтары мен міндеттері. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың азаматтық процестік әрекетке қабілеттілігі.

Шетелдік тұлғалар қатысатын істер бойынша соттылық.

Шет мемлекетіне талап қою.

Шетелдік соттардың шешімдерін, шетелдік төреліктердің төрелік шешімдерін тану және орындау.

Шет мемлекеттің иммунитеті, оның ерекшеліктері.

2. дәріс сабағы тақырыбының осы тақырыпты меңгерген студенттің құзыреттілігімен байланысы

Аталмыш тақырыпты оқып-үйренген соң студент міндетті:

дағдылы болуға: заңнамамен және ҚР ратификациялаған халықаралық шарттармен қарастырылған құқықтық көмек көрсету шеңберінде процессуалдық әрекеттерді жүзеге асыруға; дербес процессуалдық әрекеттерді орындау туралы тапсырмаларды құрастыру; шетел субъектісіне іс жүргізу құжаттарын жіберу және табыстау; шетелдік соттардың шешімдерін, шетелдік төреліктердің төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындау.

3. тәжірибеден алынған мысал-есептер (кейстер және шағын-кейстер);

№ 1 есеп. Аудандық сотқа іс жүргізу трибуналынан (француз жалпы юрисдикциялық бірінші сатыдағы сотынан) Парижде болған жол-көлік оқиғасы бойынша Францияда талап қойылғандықтан, куэ ретінде азамат А.С. Маратовтан түсінік алу туралы сұрап соттық тапсырма келіп түскен. Тапсырма француз тілінде жазылған және куідан түсінік алу туралы және оны француз іс жүргізу заңнамасы бойынша процессуалдық құжат түрінде рәсімдеу туралы сұраған. Тапсырмаған Франция АПК-нің тиісті баптары тіркелген.

Қазақстандық сот не істеуі керек?

№ 2 есеп. Алматы қаласы Алмалы аудандық сотына Ағылшын Жоғары сотының шешімін мәжбүрлеп орындау туралы өтініш келіп түсті. Аталмыш шешім бойынша Д. Леклердің П.Ю. Сабитовтен мүлікке келтірген шығынның өтемі ретінде 20 мың фунт. стерлинг өндіру туралы талабы қанағаттандырылған. Өтінішке тіркелген құжаттарды зерттеу барысында Алмалы аудандық соты құжаттардың ішінде істің қаралу уақыты мен жері туралы жауапкерді уақытылы және тиісінше хабарлауын дәлелдейтін дәлелдеменің жоқ болуын анықтады.

Алматы қаласы Алмалы аудандық соты не істеуі керек?

4. Ұсынылатын әдебиеттер:

1. «Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияны бекіту туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы N 531 Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000531>

2. «Азаматтық іс жүргізу мәселелері жөніндегі конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 14 қарашадағы № 252-V ҚРЗ // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000252>

3. «Қазақстан Республикасының Шетелдік ресми құжаттарды заңдастыру талаптарын жоятын конвенцияға қосылуы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 30 желтоқсан N 11-II // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000011>

4. «Азаматтық немесе сауда істері бойынша сот құжаттары мен соттан тыс құжаттарды шетелде тапсыру туралы конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 22 шілдедегі № 338-V ҚРЗ // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000338>

5. «Азаматтық немесе сауда істері бойынша шетелде дәлелдемелерді алу туралы конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 485-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000485>

6. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>

7. *Русакова Е.П.* Анализ арбитражного разбирательства в Англии // Право и государство. № 3(72) 2016. – С. 57-63.

8. *Сансызбайқызы С.* Особенности судебной системы Соединенных Штатов Америки // Вестник Института законодательства Республики Казахстан №1 (37) 2015. - С. 116-122

9. *Сарина С.А.* Разрешение споров международным коммерческим арбитражем //Материалы международной научно-практической конференции в рамках ежегодных цивилистических чтений, посвященные 90-летию Б.В. Покровского и 20- Юридической фирмы «Зангер» летию КМА (Алматы, 31 мая-01 июня 2012 г.) / Отв. Ред. М.К. Сулейменов – Алматы, 2012. – С. 480-496.

10. *Эндрюс Нил.* Система гражданского процесса Англии. – Издательство: Инфотропик Медиа, 2012. – 544 с.

11. *Сахнова Т.В.* Курс гражданского процесса. – М.: Статут, 2014.

– 784 с.
https://www.consultant.ru/edu/student/download_books/book/sakhnova_tv_kurs_grazhdanskogo_processa/

№ 15 тақырып. Соттардың және басқа органдардың актілерін орындаумен байланысты атқарушылық іс жүргізу

1. Тақырыптың мазмұны:

Атқарушылық іс жүргізудің ұғымы.

Мәжбүрлеп орындату органдары. Атқарушылық іс жүргізуге қатысушылар.

Атқарушылық құжаттардың түрлері.

Орындаудың жалпы ережелері.

2. дәріс сабағы тақырыбының осы тақырыпты меңгерген студенттің құзыреттілігімен байланысы

Аталмыш тақырыпты оқып-үйренген соң студент міндетті:

дағдылы болуға: сот орындаушысының, судьяның және атқарушылық іс жүргізуге басқа да қатысушылардың дербес процессуалдық әрекеттерді; сот орындаушысының атынан, судьяның және атқарушылық іс жүргізуге басқа да қатысушылардың атынан процессуалдық құжаттарды білікті толтыру; сот шешімін орындау барысында сот тәжірибесінің материалдарымен және нормативтік құқықтық актілермен іздестіру және аналитикалық жұмыстар жүргізу.

3. тәжірибеден алынған мысал-есептер (кейстер және шағын-кейстер);

№ 1 есеп. Соттың ұйғарымымен Долина мен Долиннің арасында жасалған ерлі-зайыптылардың бірлескен ортақ мүлкін бөлу туралы татуласу келісімі бекітілді. Тараптардың келісімі бойынша, Долинаның пайдасына үй жабдықтары, ал Долиннің пайдасына - «Ауди-100» автокөлігі берілген. Сондай-ақ Долин бір ай мерзімде Долинаға 200 000 теңге төлеуге міндеттенеді, себебі құны бойынша оған ортақ бірге алынған мүліктің жартысынан көбі бөлінді. 2 ай өткен соң Долина сотқа атқару парағын беру туралы өтінішпен жолданды, себебі Долин белгіленген мерзімде ақшаны төлеген жоқ.

Тараптардың татуласу келісімі мәжбүрлеп орындауға жатады ма?

№ 2 есеп. Сот орындаушысы Мусинаға кәмелетке томаған қызына Мусиннен алиментті өндіру туралы атқару парағын қайтарды. Ілеспе хатта борышкер бұрынғы жұмыс орнына шығып кеткен және қаладан тыс басқа жерге қоныс аударған деп мәлімделген. Борышкердің жаңа мекен-жайы туралы мәлімет жұмыс орнының әкімшілігінде, сот орындаушысында да болмай шықты.

Сот орындаушысының әрекеті құқылы ма?

Мусина борышкерді іздеу туралы өтініш беруге құқылы ма?

Борышкерді іздеу туралы мәселені кім шешуге құқылы?

№ 3 есеп. Соттың шешімімен Богарова СКБ-31 «Алмаз» ЖШС-де инженер-конструктор лауазымына жұмысқа қайта алынды. Бірақ, «Алмаз» ЖШС - «Алматы» АҚ болып қайта құрылған.

Осы іс бойынша сот шешімін орындау қалай жүзеге асырылады?

4. Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>

2. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 261-IV Заңы.// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000261>

3. «Соттардың атқарушылық іс жүргізу туралы заңнаманың кейбір нормаларын қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 31 наурыздағы № 1 Нормативтік қаулысы.// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P170000001S>

4. *Аленов М.А.* Азаматтық іс жүргізу құқығы. - Астана , 2011. – 431 с.

5. *Акимбекова С.А.* Признание и приведение в исполнение решений иностранных судов в Республике Казахстан // ж. Юрист № 4, 2013. - С.71-73.

6. *Исполнительное производство: Практикум: Учебное пособие /* Под ред. д-ра юрид. наук, проф. В.В. Яркова, канд. юрид. наук, доц. Е.А. Царегородцевой; Урал.гос. юрид. ун-т. - 3-е изд., испр. и доп. - М.: Статут, 2017.- 256 с.

7. *Сисенова Н.* Исполнение судебных решений – проблемы и пути их решения. // Заңгер №5 (166) май 2015 г. - С. 47-51.

8. *Таукибаева Ш.Ж., Канатов Р.К., Бекен А.Т.* Отдельные вопросы исполнительного производства в Республике Казахстан (по материалам Аналитической справки) // Вестник Института законодательства Республики Казахстан - №3 (44) - 2016. - С. 32-39.

9. *Шарибаев Б.* Проблемы исполнительного производства и предложения по изменению действующего законодательства. // Заңгер - №5 (166)- май 2015 г.- С. 53-56.

10. *Тұрғараев Б.* Атқарушылық іс жүргізу құқығының теориялық проблемалары: монография. - Петропавл, 2006. - 404 б.

IV. Өзіндік дербес оқуға қалдырылған тақырыптардың тізімі

1. азаматтық істің үлгісін құрастыру:

Ата-аналық құқықтан айыру туралы азаматтық істің макетін дайындау

Банктік қарыз шарты бойынша қарызды және сот шығыстарын өндіру туралы азаматтық істің макетін дайындау

Мәмілені жарамсыз деп тану туралы азаматтық істің макетін дайындау

Жұмысқа қайта алу туралы азаматтық істің макетін дайындау

Мүлікті жария етуді жүргізу бойынша комиссияның шешімін даулау бойынша азаматтық істің макетін дайындау

Бала асырап алу туралы азаматтық істің макетін дайындау

Банкрот деп тану туралы азаматтық істің макетін дайындау

2. Дербес іс жүргізу құжаттарын дайындау

Жалақыны өндіру туралы талап арыз жазу

Қолжазба сараптамасын тағайындау туралы өтінішті жазу

Үйден шығару туралы соттың шешімін жазу

Иелену ұзақтығы бойынша меншік құқығын тану туралы апелляциялық шағым жазу

Заңсыз иеленген жер учаскесін қоршауды бұзу және контейнерді өз есебінен демонтаждау арқылы босатуды мәжбүрлеп міндеттеу туралы кассациялық шағымды жазу

3. күрделі істердің санаттары бойынша сот шешімдеріне және әкімшілік актілерге кешенді талдау жүргізу

Сот шешімдері

1. Ближенский Андрей Николаевичтің Қостанай облысы Ішкі істер департаментіне, ҚР Қаржы министрлігіне қамау түріндегі әкімшілік жазаға заңсыз тартуына байланысты материалдық шығынды және маоральдық зиянды өтеу туралы талабы бойынша Қостанай облысы Сарыкөл аудандық сотының 12.10.2015 жылғы шешімі (Іс №2-366/15).

2. Акмеев Сайлат Абуталиповичтің Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігіне өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу бойынша капиталдандырылған төлемдер жиынтығын өндіру туралы талабы бойынша Павлодар қалалық сотының 2015 жылғы 21 желтоқсандағы шешімі (Іс № 2-14982/2015).

3. Нығметов Ғалымжан Князиевичтің Харесов Асылбек Гусманғалиевичке, Харесова Ләззат Газизжановнаға үйден шығару туралы талабы бойынша Батыс-Қазақстан облысы Орал қалалық №2 сотының шешімі (Іс № 2-10042-15).

4. РММ «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің Павлодар облысы бойынша департаментінің» 2007 жылғы 10 тамыздағы

№ ФД65400079DS «Денсаулық паркі» ЖШС-мен берілген, келесі мекен-жайда орналасқан: Павлодар қаласы, Катаев көшесі, 81-10, дәрі-дәрмектермен фармацевтикалық қызмет объектісі (дәріхана) арқылы бөлшекті сауда жүргізу бөлігіне қатысты мемлекеттік лицензиясына № ФД65400079DS00250АЛИ қосымшаның қолданысын тоқтата тұру туралы және «Денсаулық паркі» ЖШС-мен берілген фармацевтикалық қызметпен айналысуға құқық беретін 2007 жылы 10 тамызда берілген № ФД65400079DS дәрі-дәрмектермен көтерме сауда жүргізу бөлігіне қатысты мемлекеттік лицензияның қолданысын тоқтата тұру туралы «Денсаулық паркі» ЖШС-не қойылған талап бойынша Павлодар облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2015 жылғы 4 маусымдағы шешімі (Іс № 2-1923/2015).

5. Писклов Михаила Ивановичтің «Ақтау қалалық әкімшілігі аппараты» ММ-не мүлікті жария етуден бас тартуды заңсыз деп тану және мүлікті жария ету бойынша комиссияны бағалы қағазарын жария етуге міндеттеу туралы арызы бойынша Маңғыстау облысы Ақтау қалалық №2 сотының 2015 жылғы 10 қыркүйектегі шешімі (Іса №2-5443/11-15).

6. Ақмола облысы бойынша «Тұтынушыларды қорғау» қоғамының тұтынушылар Жуков Игорь Валерианович, Жукова Светлана Владимировнаның мүддесін қорғап «Алтел» АҚ-на құрылғыны демонтаждау, денсаулыққа келтірілген зиянды және моральдық зиянды өтеу туралы талабы бойынша Ақмола облысы Көкшетау қалалық сотының 2015 жылғы 5 мамырдағы шешімі (Іс №2-2096/15).

7. «ЛесПромТара» ЖШС-нің Клецко Владимир Николаевичке ар-ождан, абырой мен іскерлік беделді қорғау туралы талабы бойынша Қарағанды облысы Теміртау қалалық сотының 2015 жылғы 10 наурыздағы шешімі (Іс №2-620/2015).

8. Е.В. Мысиктің жауапкерлер «CentrasSecurities» АҚ мен «Қазақстан Қағазы» АҚ-на талабы бойынша Алматы қаласы Бостандық аудандық сотының 2015 жылғы 9 ақпандағы шешімі (Іс № 2-391/2015).

9. «Ұлттық компания «Алматы» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ-ның «Федотова О.Н.» жеке кәсіпкерлігіне негізгі қарыздың және өсімпұлдың сомасын өндіру туралы талабы бойынша Алматы қаласы Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2015 жылғы 2 қыркүйектегі шешімі (Іс №2-14282/15).

10. «NADLoC» жергілікті қамтуды дамыту жөніндегі Ұлттық агенттік» АҚ-ның «Қазақстандық келісім-шарт агенттігі» ЖШС-не және «Қазақстан Республикасының әділет министрлігіне» доменді қызмет көрсету белгісіне ұқсас және араласу дәрежесіне дейін ұқсас деп тану, домендік атауларды пайдалануға тыйым салу, К.А. Шакаловқа берілген 14.08.2015 жылғы №1646 ИС 002450 авторлық құқық объектісіне құқықты мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті жарамсыз деп тану туралы талабы бойынша Астана қаласы Мамандандырылған ауданаралық

экономикалық сотының 2015 жылғы 16 қыркүйектегі шешімі (Іс №02-9223/15).

V. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Оқу әдебиеттері

- 1 Азаматтық істерді қозғау:Талап арыздардың және сотқа басқа да шағымданулардың үлгілері = Возбуждение гражданских дел: Образцы исковых заявлений и других обращений в суд. - Алматы : Жеті жарғы, 2003. – 184 б.
- 2 Акимбекова С.А.Методические рекомендации по организации и проведению деловой игры по гражданскому процессу: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 78 с.
- 3 Аленов М.А. Азаматтық іс жүргізу құқығы. - Астана , 2011. – 431 с.
- 4 Асетова Г.Б., Акимжанова М.Т., Мырзалиева Ж.Т. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы бойынша практикум - Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2009. - 56 б.
- 5 Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан: В двух томах. Том 1. Учебник. – Алматы: КазГЮА, 2001. – 416 с.
- 6 Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан: В двух томах. Том 2. Учебник. – Алматы: КазГЮА, 2001. -366 с.
- 7 Борисова Е.А. Апелляция, кассация, надзор по гражданским делам: учеб.пособие, 2-е изд., перераб. и доп. — М. : Норма : ИНФРА-М, 2016. – 352 с.
- 8 Бычков А.И. Актуальные проблемы судебного разбирательства. - Издательство: Инфотропик Медиа, 2016. – с. 480.
- 9 Гражданский процесс: учебник. Отв. ред. Блажеев В.В., Уксусова Е.Е. - М.: Проспект, 2015. – 736 с.
- 10 Гражданский процесс: учебник. Под ред.Треушников М.К. - М.: Статут, 2014. – 504 с.
